

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің  
кезектен тыс жалпы жиналысының шешімі**

**«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының  
Жарғысына өзгерістер енгізу туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ Заңының 36-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2024 жылғы 28 мамырдағы шешімімен (№1/2024 хаттама, №8 мәселе) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2023 жылғы 30 мамырдағы шешімімен (№2\2023 хаттама, №5 мәселе) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Жарғысының 12-бабы 98-тармағының 1) тармақшасына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның барлық дауыс беретін акцияларын иеленуші тұлғаның 2022 жылғы 2 желтоқсандағы шешімімен бекітілген («Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма отырысының №66/22 хаттамасы, №5 мәселе) «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереженің 7-тарауы 32-тармағының 1) тармақшасына сәйкес,

ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы

**былай деп ШЕШТІ:**

1. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2024 жылғы 28 мамырдағы шешімімен (№1/2024 хаттама, №8 мәселе) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2023 жылғы 30 мамырдағы шешімімен (№2\2023 хаттама, №5 мәселе) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Жарғысына осы шешімнің қосымшасына сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы А.Г. Хасенов белгіленген тәртіппен осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

**Төраға**

**Хатшы**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Акционерлерінің жалпы  
жиналысының 202\_ жылғы  
«\_\_\_» \_\_\_\_\_ шешімімен,  
(№\_\_\_ хаттама)  
**БЕКІТІЛДІ**

**«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының 2023  
жылғы 30 мамырдағы шешімімен (№ 2/2023 хаттама, № 5 мәселе)  
бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік  
қоғамының жарғысына өзгерістер**

1. 1-баптың 7-тармағының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«ағылшын тіліндегі толық атауы – KazMunayGas National Company Joint-Stock Company, қысқартылған – KazMunayGas NC JSC.».

2. 13-бапта:

106-тармақтағы 15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«15) Қор саясатын ескере отырып, Комплаенс қызметінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Комплаенс қызметінің жұмыс тәртібін айқындау, Комплаенс қызметі қызметкерлерінің лауазымдық айлықақысының мөлшерін, еңбекақы төлеу және оларды әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау, Комплаенс қызметі басшысына сыйлықақы беру, Комплаенс қызметі басшысының қызметін бағалау, Комплаенс қызметі басшысының мақсаттарын белгілеуді және орындауды бекіту, Комплаенс қызметінің басшысы мен қызметкерлеріне тәртіптік жазалар қолдану/алып тастау, Комплаенс қызметі туралы ережені бекіту, Комплаенс қызметінің жылдық жұмыс жоспарын бекіту, сондай-ақ Комплаенс қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;»;

3. 14-баптың 123-тармағының 23) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«23) ҚМГ дивидендтік саясатына, есепті қаржы жылындағы ҚМГ таза кірісін бөлу тәртібіне, жыл қорытындысы бойынша дивидендтердің барынша мүмкін болатын мөлшерін бөлуге, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеуге және ҚМГ-нің бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін айқындауға қатысты ұсынымдарды дайындау жөніндегі ұсыныстарды қарайды, мақұлдайды және ҚМГ Директорлар кеңесіне ұсынады;».

4. 17-баптың 143-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«143. Жылдық қаржылық есептілікті Директорлар кеңесі Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін отыз күннен кешіктірмей алдын ала бекітуге тиіс.

ҚМГ аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекіту Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында жүргізіледі.».

5. 20-баптың 155-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«155. ҚМГ Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша немесе Заңнамада көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

ҚМГ қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Заңнамамен реттеледі.».

---

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2025 жылғы «31» желтоқсандағы № \_\_\_\_\_ шешімінің жобасына қосымша

**«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер енгізу туралы мәселеге түсіндірме жазба**

Астана қаласы

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2025 жыл

**1. Мақсаты мен міндеті**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – **Қоғам, ҚМГ**) Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2023 жылғы 30 мамырдағы шешімімен (№2/2023 хаттама, №5 мәселе) бекітілген, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2024 жылғы 28 мамырдағы шешімімен (№1/2024 хаттама, №8 мәселе) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының жарғысына өзгерістер енгізу.

**2. Экономикалық әсері**

Көзделмеген.

**3. Мәселенің қысқаша сипаттамасы**

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысы (бұдан әрі – **Жарғы**) Қоғам Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2023 жылғы 30 мамырдағы шешімімен (№2/2023 хаттама, №5 мәселе) бекітілген.

ҚМГ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2024 жылғы 28 мамырдағы шешімімен (№1/2024 хаттама, №8 мәселе) Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

ҚМГ-ға қатысты мемлекеттік аудит қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (бұдан әрі – ЖАП) нұсқамасымен (17.04.2025ж. № 6-2-Н-қбп) Жарғыдағы ҚМГ Басқармасының құзыретіне өзгеріс енгізу, атап айтқанда, Директорлар кеңесінің қарауына жыл қорытындысы бойынша дивидендтердің мүмкін болатын ең жоғары мөлшерін бөлу жөнінде ұсыныс беру өкілеттігімен толықтыру, ұсынымның орындалу мерзімін 2025 жылдың соңына дейін етіп белгілеу ұсынылды.

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес ұсынымдардың қаралу нәтижелері туралы және нұсқамалардың орындалуы туралы ақпаратты мемлекеттік аудит объектісі және өзге де мүдделі тұлғалар растау құжаттарын қоса бере отырып, тиісті мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органына тиісті құжаттарда көрсетілген мерзімдерде жіберуге міндетті.

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес мемлекеттік аудит объектісінің басшысы аудиторлық қорытындыда берілген, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жіберген ұсынымдар мен нұсқамалардың орындалуы туралы, сондай-ақ камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның орындалуы туралы ақпаратты уақтылы ұсынуға міндетті.

Сондай-ақ ҚМГ-ға терминологияны және Жарғының кейбір ережелерін нақтылау мақсатында редакциялық сипатта Жарғыға өзгерістер енгізу ұсынылды.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, осы түсіндірме жазбаға қосымшада ұсынылған Жарғыға тиісті өзгерістер қалыптастырылды.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ Заңының (бұдан әрі – **АҚ туралы Заң**) 36-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, Жарғының 12-бабы 98-тармағының 1) тармақшасына, ҚМГ-ның барлық дауыс беретін акцияларын иеленуші тұлғаның 2022 жылғы 2 желтоқсандағы шешімімен бекітілген (Қордың Басқарма отырысының №66/22 хаттамасы, №5 мәселе) «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереженің (бұдан әрі – **АЖЖ туралы ереже**) 7-тарауы 32-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

Қоғамның Директорлар кеңесі (2025 жылғы 29 қараша – 1 желтоқсандағы №20/2025 хаттама, №2 мәселе) 2025 жылғы 31 желтоқсанда Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын (бұдан әрі – **АКТЖЖ**) шақыру туралы шешім (бұдан әрі – **ДК шешімі**) қабылдады, оның күн тәртібіндегі мәселелердің бірі Жарғыға өзгерістер енгізу туралы мәселе болып табылады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, осы мәселені алдын ала қарап, оны АКТЖЖ-ға шығаруға бастамашы болған ДК шешіміне сәйкес:

осы мәселе бойынша шешім жобасының қосымшасына сәйкес Жарғыға өзгерістер енгізу ұсынылады.

АҚ туралы заңның 36-бабының 2-тармағына және 50-бабының 1-тармағына, Жарғының 11-бабының 91-тармағына және 12-бабының 99-тармағына, АЖЖ туралы ереженің 16-тарауының 79-тармағына сәйкес, осы мәселе бойынша дауыс беру үшін дауыс беруге қатысатын ҚМГ дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысы талап етіледі және дауыс беру «бір акция – бір дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

#### **4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі**

Шығарылатын мәселе бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді.

#### **5. Шешім қабылданған және қабылданбаған жағдайдағы негізгі проблемалар, тәуекелдер, ықтимал салдар**

Осы мәселе бойынша шешім қабылдау қандай да бір тәуекелдердің туындауына әкеп соқпайды.

ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысының осы мәселе бойынша шешім қабылдамауы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағын, 37-бабы 2-тармағының б) тармақшасын бұза отырып, ҚМГ-ның ЖАП ұсынымдарын сақтамау тәуекеліне әкеп соғады.

**«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының жарғысына өзгерістер енгізу туралы ұсыныстары бар  
САЛЫСТЫРМАЛЫ КЕСТЕ**

Норма	ҚМГ Жарғысының қолданыстағы редакциясы	ҚМГ Жарғысына ұсынылатын редакция	Негіздеме
7-тармақ	<p>7. ҚМГ атауы: мемлекеттік тілдегі толық атауы – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы, қысқартылған атауы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ;</p> <p>орыс тіліндегі толық атауы - акционерное общество «Национальная компания «КазМунайГаз», қысқартылған атауы - АО НК «КазМунайГаз»;</p> <p>ағылшын тіліндегі толық атауы – <b>Joint Stock Company «National company «KazMunayGas»</b>, қысқартылған атауы – <b>NC «KazMunayGas» JSC.</b></p>	<p>7. ҚМГ атауы: мемлекеттік тілдегі толық атауы – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы, қысқартылған атауы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ;</p> <p>орыс тіліндегі толық атауы - акционерное общество «Национальная компания «КазМунайГаз», қысқартылған атауы - АО НК «КазМунайГаз»;</p> <p>ағылшын тіліндегі толық атауы – <b>KazMunayGas National Company Joint-Stock Company</b>, қысқартылған атауы – <b>KazMunayGas NC JSC.</b></p>	<p><b>Редакциялық түзету</b></p> <p>Ағылшын тіліндегі атауын қысқарту.</p>
106-тармақтың 15) тармақшасы	<p>106. Егер Заңда өзгеше белгіленбесе, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:</p> <p>...</p> <p>15) Комплаенс қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Комплаенс қызметінің жұмыс тәртібін айқындау, Комплаенс қызметі қызметкерлерінің лауазымдық айлықақысының мөлшерін және еңбекақы төлеу, <b>сыйлықақы беру</b> және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау, <b>Қор саясатын ескере отырып, Комплаенс қызметі қызметкерлерінің қызметін бағалау,</b></p>	<p>106. Егер Заңда өзгеше белгіленбесе, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:</p> <p>...</p> <p>15) Комплаенс қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Комплаенс қызметінің жұмыс тәртібін айқындау, Комплаенс қызметі қызметкерлерінің лауазымдық айлықақысының мөлшерін, еңбекақы төлеу және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау, <b>Комплаенс қызметінің басшысына сыйлықақы беру, Қордың саясатын ескере отырып, Комплаенс</b></p>	<p><b>Редакциялық түзету.</b></p> <p>Бірыңғай пайымдау мақсатында ДК құзыретін нақтылауға байланысты. Сондай-ақ, норма Комплаенс қызметі туралы ережеде бар.</p>

	<p>Комплаенс қызметінің басшысы мен қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолдану/алып тастау, сондай-ақ ол туралы ережені бекіту;</p> <p>...</p>	<p><b>қызметі басшысының қызметін бағалау, <b>Комплаенс қызметі басшысының мақсаттарын қою мен орындауды бекіту,</b> <b>Комплаенс қызметінің басшысы мен қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолдану/алып тастау, <b>Комплаенс қызметі туралы ережені бекіту, <b>Комплаенс қызметі жұмысының жылдық жоспарын бекіту, сондай-ақ <b>Комплаенс қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;</b></b></b></b></b></p>	
<p>123-тармақтың 23) тармақшасы</p>	<p>123. ҚМГ Басқармасы ағымдағы қызметке басшылықты жүзеге асырады. ҚМГ Басқармасын Басқарма төрағасы басқарады. ҚМГ Басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және Жарғымен ҚМГ басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған ҚМГ қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы, оның ішінде:</p> <p>...</p> <p>23) ҚМГ дивидендтік саясатына, есепті қаржы жылындағы ҚМГ таза кірісін бөлу тәртібіне, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеуге және ҚМГ-ның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін айқындауға қатысты ұсынымдар әзірлеу жөнінде ұсыныстарды қарайды, мақұлдайды және ҚМГ Директорлар кеңесіне ұсынады;</p> <p>...</p>	<p>123. ҚМГ Басқармасы ағымдағы қызметке басшылықты жүзеге асырады. ҚМГ Басқармасын Басқарма төрағасы басқарады. ҚМГ Басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және Жарғымен ҚМГ басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған ҚМГ қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы, оның ішінде:</p> <p>...</p> <p>23) ҚМГ дивидендтік саясатына, есепті қаржы жылындағы ҚМГ таза кірісін бөлу тәртібіне, <b>жыл қорытындысы бойынша дивидендтердің барынша мүмкін болатын мөлшерін бөлуге,</b> жай акциялар бойынша дивидендтер төлеуге және ҚМГ-нің бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін айқындауға қатысты ұсынымдарды дайындау жөніндегі ұсыныстарды қарайды, мақұлдайды және ҚМГ Директорлар кеңесіне ұсынады;</p> <p>...</p>	<p><b>Редакциялық түзету.</b></p> <p>Жоғары аудиторлық палатаның (бұдан әрі – ЖАП) мемлекеттік аудит қорытындылары бойынша нұсқамалары шеңберінде, сондай-ақ ҚМГ анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау шеңберінде қолданыстағы Жарғының 123-тармағының 23) тармақшасына түзетулер енгізу, ҚМГ Басқармасының өкілеттіктеріне ДК қарауы үшін жыл қорытындысы бойынша дивидендтердің барынша мүмкін мөлшерін бөлу бойынша ұсыныстар беру бөлігінде түзетулер енгізу ұсынылады.</p>

143-тармақ	<p>143. Жылдық қаржылық есептілікті Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығару күніне дейін отыз күннен кешіктірмей, алдын ала бекітуі тиіс.</p> <p>Акционерлердің жалпы жиналысы ҚМГ-нің жылдық қаржы есептілігін түпкілікті бекітеді.</p>	<p>143. Жылдық қаржылық есептілікті Директорлар кеңесі акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өтетін күнге дейін отыз күннен кешіктірмей алдын ала бекітуге тиіс.</p> <p>ҚМГ-нің <b>аудиттелген</b> жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекіту Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында жүргізіледі.</p>	<p><b>Редакциялық түзету.</b></p> <p>АҚ туралы заңның 76-бабының 3-тармағына сәйкес келтіру:</p> <p><i>«Қоғамның <b>аудиттелген</b> жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекіту акционерлердің жылдық жалпы жиналысында жүргізіледі.».</i></p>
155-тармақ	<p>155. ҚМГ Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша немесе <b>Қазақстан Республикасының</b> заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.</p> <p>ҚМГ-ні қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі <b>Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен</b> реттеледі.</p>	<p>155. ҚМГ Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша немесе <b>Заңнамада</b> көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.</p> <p>ҚМГ-ні қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі <b>Заңнамамен</b> реттеледі.</p>	<p><b>Редакциялық түзету.</b></p> <p>Жарғыда «Заңнама» қысқартылған сөзінің қолданылуына байланысты.</p>

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Акционерлерінің кезектен жалпы жиналысының шешімі**

**Жаңа редакциядағы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компания» акционерлік  
қоғамы Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережені бекіту туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ Заңының 36-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компания» акционерлік қоғамы Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2024 жылғы 28 мамырдағы шешімімен (№1/2024 хаттама, №8 мәселе) енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2023 жылғы 30 мамырдағы шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жарғысының 12-бабы 98-тармағының 23) тармақшасына сәйкес, 2022 жылғы 2 желтоқсандағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның шешімімен («Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы Басқармасының отырысының №66/22 хаттама, № 5 мәселе) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереженің 7-тарауының 32-тармағының 21), 35) тармақшаларында, 20-тарауының 103-тармағында сәйкес,


ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы былай деп **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімге қосымшаға сәйкес жаңа редакциядағы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компания» акционерлік қоғамы Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже бекітілсін.

2. 2022 жылғы 2 желтоқсандағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның шешімімен («Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма отырысының № 66/22 хаттамасы, № 5 мәселе) бекітілген «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереженің күші жойылды деп танылсын.

**Төраға**

**Хатшы**

		<b>«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы</b>	
Құжаттың атауы:		<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
Құжаттың түрі: <b>ИБЖ ережесі</b>		Коды: <b>KMG-PL-4209.1-19</b>	<b>56 беттің 1-беті</b>
Әзірлеген: Бектай А.А. <hr/> Нечаева О.Н. <hr/> 2025 ЖЫЛҒЫ « ____ » ____		Тексерген: Шарипов Д.В. <hr/> 2025 ЖЫЛҒЫ « ____ » ____	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының 2025 жылғы « ____ » ____ шешіммен бекітілген, № ____ хаттама, № ____ мәселе

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже (бұдан әрі – **Ереже**) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ Заңына (бұдан әрі – **Заң**), «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысына (бұдан әрі – тиісінше **Қоғам**, **Жарғы**), Қоғамның корпоративтік басқару кодексіне (бұдан әрі – **Кодекс**) және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысын дайындау, шақыру және өткізу тәртібін, оның құзыретін, құқықтарын, міндеттерін, шешімдер қабылдау қағидаттарын және оларды орындау барысын бақылаудың ұйымдастырылуын белгілейді.

3. Акционерлердің жалпы жиналысы өз қызметінде Заңға, Жарғыға, Кодекске, осы Ережеге және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарына басшылыққа алады.


4. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның жоғары органы болып табылады.

5. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

## 2. Терминдер мен айқындамалар

6. Осы Ережеде мынадай терминдер мен айқындамалар қолданылды:

- 1) **Акционер** – Қоғам акцияларының меншік иесі болып табылатын тұлға;
- 2) **Акционерлердің жалпы жиналысы** – Қоғамның жоғарғы органы;
- 3) **Директорлар кеңесі** – Қоғамның басқару органы;
- 4) **Басқарма** – Қоғамның атқарушы органы;
- 5) **Ірі акционер** – Қоғамның дауыс беретін акцияларының 10 (он) және одан да көп пайызы (жиынтықтықта) тиесілі, олардың арасында жасалған келісімнің негізінде әрекет жасайтын Акционер немесе бірнеше Акционер;
- 6) **Миноритарлық Акционер** – Қоғамның дауыс беретін акцияларының көп дегенде 10 (он) пайызы тиесілі Акционер;
- 7) **Қоғамның Тіркеушісі** – орталық депозитарий, «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-ІІ Заңының 45

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 2-беті</b>

бабының 2-1-тармағында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыратын мамандандырылған коммерциялық емес Акционерлік Қоғам;

8) **Дауыс беруге арналған бюллетеньдер** – кумулятивтік дауыс беруге арналған бюллетень және (немесе) Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень және (немесе) бетпе-бет жасырын дауыс беруге арналған бюллетень;

9) **Қаржы есептілігі депозитарийі** – ұйымдар жыл сайын тапсыратын жылдық қаржы есептілігі мен аудиторлық есептерді, Акционерлік Қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ Акционерлік Қоғамдардың корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты қамтитын, пайдаланушылар үшін ашық қолжетімді электрондық деректер базасы;

10) **Білікті көпшілік** – кемінде төрттен үш бөлігін құрайтын көпшілік;

11) **Тіркеу кезіндегі кворум** – Қоғамның дауыс беретін акцияларының ең аз жиынтығының иелері (немесе олардың тиісті түрде уәкілеттік берілген өкілдері) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда және осы Ережеде белгіленген тәртіппен Акционерлердің жалпы жиналысына **қатысу үшін тіркелген**, оның болуы Акционерлердің жалпы жиналысын күн тәртібіндегі мәселелерді қарау және шешімдер қабылдау үшін заңды деп танудың міндетті шарты болып табылады;


12) **Дауыс беру кезіндегі кворум** – дауыстарды санау кезіндегі кворум, иелері (немесе олардың тиісті түрде уәкілеттік берілген өкілдері) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің тиісті мәселесі бойынша **дауыс беруге қатысқан** Қоғамның дауыс беретін акцияларының ең аз жиынтығы, оның болуы осы мәселе бойынша дауыс беру нәтижелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда және осы Ережеде белгіленген тәртіппен жарамды және есепке алуға жататын деп тану үшін міндетті шарт болып табылады;

13) **Құпия ақпарат** – Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен осындай ақпаратқа жатқызылған мәліметтер, оның ішінде, бірақ олармен ғана шектелмей, коммерциялық құпияны қамтитын мәліметтер;

14) **Кумулятивтік дауыс беру** – дауыс беруге қатысатын әрбір акцияға шаққанда, Қоғамның Директорлар кеңесінің сайланатын мүшелерінің санына тең дауыс саны келетін дауыс беру тәсілі;

15) **Номиналды ұстаушы** – бағалы қағаздарға құқықтарды (бағалы қағаздарға меншік құқығы мен өзге де заттық құқықтарды) тіркеуді және осы құқықтардың өзгеруін және бағалы қағаздармен операцияларды орындауды және (немесе) осы бағалы қағаздардың меншік иесі белгілеген шарттарда бағалы қағаздарға қатысты өзге де заңды маңызды әрекеттерді тіркеуді жүзеге асыратын тұлға;

16) **Есеп комиссиясы** – Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға және осы Ережеге сәйкес құрылатын және өз жұмысын жүзеге асыратын, оның функцияларына, оның ішінде дауыс санау және Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Акционерлер жүзеге асыратын

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 3-беті</b>

дауыс беру қорытындыларын шығару кіретін Акционерлердің жалпы жиналысының жұмыс органы;

17) **Қор** – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы;

18) **Қор тобы** – дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) кем дегенде елу пайызы ұлттық даму институттарына тиесілі компаниялар, олардың еншілес ұйымдары, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) кем дегенде елу пайызы Қорға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тиесілі ұлттық компаниялар мен өзге де заңды тұлғалар, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) кем дегенде елу пайызы аталған компаниялардың еншілес ұйымдарына тиесілі заңды тұлғалар, оларға қатысты «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 1 ақпандағы №550-IV Заңында арнайы құқықтық жағдай белгіленеді.

Қор Тобына:

1) кепілге салынған акцияларды (қатысу үлестерін) өткізу жөніндегі саудасаттық Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес өткізілмеді деп жарияланған кезде акциялары (қатысу үлестері) Қор тобына кіретін банктің меншігіне түскен заңды тұлғалар;

2) банк кредиторларының мүдделерін қорғау және Қазақстан Республикасының банк жүйесінің орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акциялары Қордың меншігіне өткен банктер кірмейді.

### 3. Акционерлердің құқықтары

7. Қоғам барлық Акционерлерге тең құқықтар мен әділ қарым-қатынасты қамтамасыз етеді.

8. Акционер:

1) Заңда және (немесе) Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге;

3) дивидендтер алуға;


4) мынадай:

талап қойылған күнге Қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында жарияланған;

соңғы 3 (үш) жыл ішінде қайталап сұратылған (Акционер сұраған ақпарат бұрын толық көлемде ұсынылған жағдайда);

Қоғам қызметінің өткен кезеңдеріне қатысты (Акционер жүгінген күнге дейін 3 (үш) жылдан астам), Акционер жүгінген күні орындалатын мәмілелер туралы ақпаратты қоспағанда, Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысында немесе Жарғыда белгіленген тәртіппен Қоғамның қаржы есептілігімен танысуға;

5) Қоғамның Тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан Акционердің бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 4-беті</b>

6) Директорлар кеңесіне сайлау үшін Акционерлердің жалпы жиналысына кандидатуралар ұсынуға;

7) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін белгілеуге, оның мүшелерін сайлауға және олардың өкілеттіктерін тоқтатуға, сондай-ақ сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын белгілеуге қатысуға;

8) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізуге, сондай-ақ Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге;

9) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуға;

10) Қоғамның дауыс беретін акцияларының 5 (бес) және одан да көп пайызына дербес немесе басқа Акционерлермен бірлесіп иелік еткен кезде, Заңның 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда өз атынан сот органдарына Қоғамның лауазымды адамдары Қоғамға келтірген залалдардың өтелуін және Қоғамның лауазымды адамдары және (немесе) олардың үлестес тұлғалары ірі мәмілелер және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелер жасасу (жасауды ұсыну) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайданы (кірісті) Қоғамға қайтаруды талап етуге;

11) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұратымдармен жүгінуге және сұратым Қоғамға келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде уәжді жауаптар алуға;

12) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

13) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның өз акцияларына айырбасталатын акцияларын немесе өзге де бағалы қағаздарын Заңда белгіленген тәртіппен басымдықпен сатып алуға;


14) өздерінің талап етуі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттардың көшірмелерін алуға құқылы. Бұл ретте, құжаттардың көшірмелерін ұсынғаны үшін Қоғам алатын төлемақыны Қоғам белгілейді және оларды дайындау және қажет болған жағдайда Акционерге жеткізу шығындарының құнынан аспауы тиіс;

15) Қоғамның дауыс беретін акцияларының 5 (бес) және одан да көп пайызына дербес немесе басқа Акционерлермен бірге иелік еткен жағдайда, Заңға және Жарғыға сәйкес Директорлар кеңесіне Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсынуға;

16) Заңда көзделген тәртіппен Акционерлердің жалпы жиналысының Қоғам акцияларының санын өзгертуге немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға;

17) Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға бастамашылық жасауға құқылы.

9. Қоғамның дауыс беретін акцияларының 5 (бес) және одан да көп пайызына дербес немесе басқа Акционерлермен бірге иелік ететін Акционерлер бір мезгілде мынадай шарттар болған жағдайда:

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 5-беті</b>

1) сот Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқарманың осы мүшесінің немесе оның үлестес тұлғаларының пайда (кіріс) алу мақсатында Акционерлерді қасақана жаңылыстыру фактісі анықталса;

2) егер Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқарманың осы мүшесінің жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі Қоғам шығындарының туындауына әкеп соққаны дәлелденсе, Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқарманың жеке мүшесінің жыл қорытындылары бойынша сыйақы мөлшері туралы ақпарат алуға құқылы.

10. Сондай-ақ Ірі акционер:

1) Директорлар кеңесі Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда, Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе оны шақыру туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге;

2) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

3) аудиторлық ұйымның Қоғамның аудитін өз есебінен жүргізуін талап етуге құқылы.

11. Осы Ереженің 8, 9 және 10-тармақтарында белгіленген Акционерлердің құқықтарын шектеуге болмайды.

12. Акционерлердің Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Жарғыда көзделген өзге де құқықтары болуы мүмкін.

#### **4. Акционерлердің міндеттері**

13. Акционер:

1) Қоғамның акцияларын төлеуге;

2) 10 (он) жұмыс күні ішінде Қоғамның Тіркеушісін және осы Акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысын Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабардар етуге;


3) Акционердің өкілеттіктері мен құқықтарына байланысты өзіне белгілі болған қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты жария етпеуге;

4) Қазақстан Республикасының Заңына және өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді атқаруға міндетті.

14. Акционердің осы Ереженің 13-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптың орындалмау салдары үшін Қоғам, Қоғамның Тіркеушісі және (немесе) номиналды ұстаушысы жауапты болмайды.

15. Акционерге:

1) Қоғамның қызметіне қатысты материалдармен, Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, Қордың тапсырмаларымен және Қоғамның өзге де хат-хабарларымен танысу шеңберінде

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПІ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 6-беті</b>

өзіне қолжетімді болған материалдарды алдын ала жазбаша рұқсатсыз әлеуметтік желілерде, сондай-ақ өзге де көздерде орналастыруға;

2) Қоғамның қызметіне қатысты материалдармен, Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, Қордың тапсырмаларымен және Қоғамның өзге де хат-хабарларымен танысу шеңберінде өзіне қолжетімді олардың көшірмелерін түсіруге, басып шығаруға, суретке түсіруге және бейнетіркеуді жүзеге асыруға;

3) Қоғамның қызметіне қатысты материалдармен, Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, Қордың тапсырмаларымен және Қоғамның өзге де хат-хабарларымен танысу шеңберінде өзіне қолжетімді болған материалдарды тиісті рұқсатсыз Қоғамның ғимаратынан алып шығуға тыйым салынады.

16. Акционер «Қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгімен шектеуге жататын, Қоғамның қызметтік құжаттарына қатысты, оның ішінде Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің өзге де хат-хабарларында қамтылған, коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді таратпау туралы, сондай-ақ Акционердің құқықтары мен міндеттерін іске асыру кезінде алынған ақпаратқа қатысты/Қоғамның қызметіне қатысты материалдармен танысу туралы материалдарды алған кезде, Акционердің коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді таратпау туралы ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтау туралы міндеттемеге (бұдан әрі – **Міндеттеме**) қол қояды.

17. Акционердің Міндеттемеге (осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) қол қоюын Қоғамның корпоративтік хатшысы және (немесе) Есеп комиссиясы қамтамасыз етеді. Акционер қол қойған Міндеттеме Қоғамның корпоративтік хатшысында сақталады.


## 5. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы

18. Қоғам жыл сайын Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын:

1) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдаған кезде Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу нысанын белгілейтін Директорлар кеңесі;

2) Қоғам органдары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру тәртібін бұзған жағдайда, кез келген мүдделі тұлғаның талап қоюы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылады.

19. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін 5 (бес) айдан кешіктірілмей өткізіледі. Есептік кезеңде Қоғамның қызметіне

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПІ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 7-беті</b>

аудит жүргізуді аяқтау мүмкін болмаған жағдайда көрсетілген мерзім 3 (үш) айға дейін ұзартылды деп есептеледі.

20. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында:

- 1) Қоғамның аудиттелген жеке жылдық қаржы есептілігі және Қоғамның шоғырландырылған жылдық қаржы есептілігі бекітіледі;
- 2) өткен қаржы жылы үшін Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері белгіленеді;
- 3) Акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне шағымдары және оларды қарау нәтижелері туралы мәселе қаралады.

21. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында Акционерлер Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің сыйақысының мөлшері мен құрамы туралы хабардар етіледі (тиісті ақпарат Акционерлерге Қоғамның аудиттелген жеке жылдық қаржы есептілігі шеңберінде ұсынылады).

Директорлар кеңесі жыл сайын Акционерлердің жалпы жиналысына Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің есептік кезеңдегі қызметінің қорытындылары, Директорлар кеңесінің Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуі және орнықты дамуы бойынша қабылдаған шаралары, негізгі тәуекел факторлары, елеулі оқиғалар, қаралған мәселелер, отырыстар саны, отырыстардың нысаны, қатысуы, сондай-ақ Қоғамның жылдық есебінің құрамына енгізу арқылы басқа да маңызды ақпарат көрсетілетін өткен жылдың қорытындылары бойынша атқарылған жұмыс туралы есеп беру арқылы өз қызметі туралы есеп береді.

Директорлар кеңесі сондай-ақ жыл сайын Акционерлердің жалпы жиналысына тиісті есепті Қоғамның жылдық есебінің құрамына енгізу арқылы Кодекс нормаларының сақталуы туралы есеп береді.


22. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы шешімдер қабылдау Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелерді қарауға құқылы.

23. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын дайындау мен өткізуді:

- 1) Басқарма;
- 2) өзімен жасалған шартқа сәйкес Қоғамның Тіркеушісі;
- 3) Директорлар кеңесі;
- 4) Қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.

24. Қоғамның корпоративтік хатшысы Акционерлердің, Директорлар кеңесінің және Қоғам менеджментінің үйлестіру орталығы ретінде әрекет етеді және ол:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, Қоғам қабылдаған және оның ішкі құжаттарында немесе Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерінде бекітілген Акционерлердің жалпы жиналысының қызметі бөлігінде корпоративтік басқару рәсімдерін іске асыруға жауапты тұлға Акционерлердің жалпы жиналысының корпоративтік шешімдерді уақтылы және сапалы қабылдауына жәрдемдескені үшін негізделеді.

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 8-беті</b>

Қоғамның корпоративтік хатшысы Акционерлердің жалпы жиналысының тиімді жұмысын қамтамасыз етеді және шешімдер қабылдау үшін уақытылы және өзекті ақпарат береді.

Қоғамның корпоративтік хатшысы Акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі, оның ішінде Акционерлердің Қоғамның капитализациясының өсуіне, сондай-ақ басқару тиімділігін арттыруға мүдделілігін білдіретін корпоративтік рәсімдердің сақталуын қамтамасыз етеді;

2) Қоғам мен Акционерлер арасындағы, Акционерлер мен Директорлар кеңесі, Қоғамның Ішкі аудит қызметі, Қоғамның Басқармасы мен құрылымдық бөлімшелері арасындағы, Қоғам мен мүдделі тұлғалар (стейкхолдерлер) арасындағы жүйелі коммуникацияларды қолдауды қамтамасыз ететін тұлға.

Қоғамның корпоративтік хатшысы Акционерлердің, Директорлар кеңесінің (оның комитеттерінің) және Қоғам менеджментінің арасында коммуникациялық рөл атқарады, Қоғамның қызметін Акционерлердің және мүдделі тұлғалардың (қатысушылардың) мүдделерімен үйлестіруді қамтамасыз етеді.

25. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу жөніндегі шығыстарды Қоғам көтереді.

26. Қоғам органдары Заңда белгіленген Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру тәртібін бұзған жағдайда, Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талап қоюы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

## **6. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналыстары**

27. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысынан тыс өткізілетін Акционерлердің өзге де жалпы жиналыстары кезектен тыс жиналыстар болып табылады. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын дайындау және өткізу осы Ереженің 23, 24 және 25-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

28. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы:

1) Директорлар кеңесінің;


2) Ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.

Қазақстан Республикасының заң актілерінде Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын міндетті түрде шақыру жағдайлары көзделуі мүмкін.

29. Егер Қоғам ерікті түрде таратылу процесінде болса, Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын Қоғамның тарату комиссиясы шақыруы, дайындауы және өткізуі мүмкін.

30. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы, егер Қоғам органдары оның Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы талабын орындамаса, Ірі акционердің талап қоюы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

31. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапты Ірі акционер (Акционерлер) қойған жағдайда, осындай жиналысты шақыруды

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 9-беті</b>

талап ететін Акционердің (Акционерлердің) аты-жөні/атауы (аты-жөндері/атаулары) және оған (оларға) тиесілі акциялардың саны, түрі көрсетілуі тиіс.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапқа Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап еткен тұлға (тұлғалар) қол қояды.

32. Ірі акционердің Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талабы Директорлар кеңесіне Басқарманың орналасқан жері бойынша тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы беріледі, онда осындай Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі қамтылуы тиіс.

33. Директорлар кеңесі Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелердің тұжырымдамасына өзгерістер енгізуге және Ірі акционердің талабы бойынша шақырылатын Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізудің ұсынылған тәртібін өзгертуге құқылы емес.

Қойылған талапқа сәйкес Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру кезінде Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өз қалауы бойынша кез келген мәселелермен толықтыруға құқылы.

34. Директорлар кеңесі көрсетілген талапты алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде шешім қабылдауға және осындай шешім қабылданған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, осы талапты қойған адамға (адамдарға) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы қабылданған шешім туралы немесе оны шақырудан бас тарту туралы хабарлама жіберуге міндетті.

35. Директорлар кеңесінің Ірі акционердің талап етуі бойынша Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешімі:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талап қою тәртібі сақталмаған;


2) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізу үшін ұсынылған мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда қабылдануы мүмкін.

Директорлар кеңесінің Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешімі сот тәртібімен даулануы мүмкін.

36. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім ішінде берілген талап бойынша Директорлар кеңесі Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдамаған жағдайда, оны шақыруды талап еткен тұлға Қоғамды Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізуге міндеттеу туралы талаппен сотқа жүгінуге құқылы.

## **7. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыреті**


37. Акционерлердің жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Жарғыға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы  туралы ереже</b>	<b>60 беттің 10-беті</b>
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПД-4209.1-19</b>	

айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға өкілетті.

38. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне:

- 1) Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе Жарғыны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Кодексті, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;
- 6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) Қоғамның орналастырылған бір түрдегі акцияларын Қоғамның басқа түрдегі акцияларына айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттарын, мерзімдері мен тәртібін белгілеу;
- 8) Қоғамның акцияларын бөлшектеу туралы шешім қабылдау, осындай ұсақтаудың шарттарын, мерзімдері мен тәртібін белгілеу;
- 9) өтеу мерзімі жоқ Қоғамның мемлекеттік емес облигацияларын шығару туралы шешім қабылдау және оларды шығару шарттарын белгілеу;
- 10) Қоғамның Есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттіктер мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 11) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін белгілеу, оның мүшелері мен төрағасын сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар мен шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын белгілеу;
- 12) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
- 13) Қоғамның аудиттелген шоғырландырылған және жеке жылдық қаржы есебін бекіту;
- 14) есепті қаржы жылы үшін Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- 15) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 16) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 17) Қоғамға тиесілі барлық активтердің 25 (жиырма бес) және одан да көп пайызын құрайтын активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның басқа заңды тұлғалардың құрылуына немесе қызметіне қатысуы немесе басқа заңды тұлғалардың қатысушылары (Акционерлері) құрамынан шығу туралы шешім қабылдау;

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 11-беті</b>

18) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғамның хабарлау нысанын белгілеу;

19) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

20) Заңға сәйкес Қоғам ұйымдастырылмаған нарықта Қоғам акцияларын сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесін бекіту (оның ішінде оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу);

21) Акционерлердің жалпы жиналысы туралы ережені бекіту;

22) Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;

23) Қоғамның дивидендтік саясатын бекіту;

24) Акционерлерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу;

25) мәміле туралы шешім қабылданған күні Қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің 50 (елу) және одан да көп пайызын құрайтын, нәтижесінде Қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің 50 (елу) және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) Қоғаммен ірі мәміле жасасу туралы шешім қабылдау;

26) Қоғамның Қор Тобына кіретін ұйымдармен Заңның 36-бабы 1-тармағының 17-1) тармақшасына сәйкес ірі мәміле ретінде танылатын, жасалуына мүдделілік бар (Заңның 73-бабының 3-1-тармағы) ірі мәмілені (мәміле туралы шешім қабылданған күндегі жағдай бойынша Қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің 50 (елу) және одан да көп пайызы) жасасу туралы шешім қабылдау;

27) Қор Тобына кіретін ұйымдармен жасалатын мәмілелерді қоспағанда, Қоғамның Заңға сәйкес жасасуға мүдделілігі бар ірі мәміле жасасу туралы шешім қабылдауы;

28) «алтын акцияны» енгізу және жою;

29) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу регламентін бекіту;


30) артықшылықты сатып алу құқығын қолданбай орналастырылатын (өткізілетін) Қоғам акцияларының немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын өзге де бағалы қағаздардың тәртібін, шекті мерзімдерін және жалпы санын белгілеу мәселелері;

31) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Жарғыда олар бойынша шешімдер қабылдау Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер жатады.

39. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Директорлар кеңесінің немесе Қоғамның өзге де органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне берілмейді.

40. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

41. Осы Ереженің 38-тармағының 2), 3), 4), 20) және 30) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 12-беті</b>

Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады.

Осы Ереженің 38-тармағының 9) тармақшасында көрсетілген мәселе бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналысының өзге де мәселелер бойынша шешімдері, егер Заңда және (немесе) Жарғыда өзгеше белгіленбесе, Қоғамның дауыс беруге қатысатын дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

42. Құпия ақпараттың, оның ішінде «Қызмет бабында пайдалану үшін» белгісімен шектеуге жататын Қоғамның қызметтік құжаттарының тізбесінде көзделген құжаттар мен ақпараттың қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында құпия мәліметтерді қамтитын мәселелер Акционерлердің жалпы жиналысында тек бетпе-бет тәртіппен қаралады.

## **8. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар Акционерлердің тізімі**

43. Акционерлердің жалпы жиналысына өздеріне тиесілі Қоғам акцияларының құнын толық төлеген Акционерлер ғана қатысып, дауыс бере алады.

44. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар Акционерлердің тізімін Қоғамның Тіркеушісі Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдері жүйесінің деректері негізінде жасайды. Көрсетілген тізімді жасау күні Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы шешім қабылданған күннен бұрын белгіленбейді.


Акционерлердің тізіміне енгізілуі тиіс мәліметтерді Қоғамның Тіркеушісі айқындайды.

45. Егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар Акционерлердің тізімі жасалғаннан кейін осы тізімге енгізілген тұлға Қоғамның өзіне тиесілі дауыс беретін акцияларын иеліктен шығарса, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа Акционерге ауысады. Бұл ретте, Қоғамның акцияларына меншік құқығын растайтын құжаттар ұсынылуы тиіс.

46. Қоғамның корпоративтік хатшысы қоғамның тіркеушісінен ақпарат алуға және оның негізінде Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар адамдардың тізімін қалыптастыруға басшылық етеді.

## **9. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы ақпарат**

47. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні мен уақыты оған қатысуға құқығы бар адамдардың анағұрлым көп саны қатыса алатындай етіп белгіленуі тиіс.

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 13-беті</b>

Акционерлердің жалпы жиналысы шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын Акционерлердің жалпы жиналысын қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысы Басқарманың орналасқан жері бойынша елді мекенде өткізіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт және Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу уақыты Есеп комиссиясына тіркеуді жүргізу, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушылар санын есептеу және оның кворумының (Тіркеу кезіндегі кворумның) бар-жоғын айқындау үшін жеткілікті уақытты қамтамасыз етуі тиіс.

48. Акционерлер Акционерлердің алдағы жалпы жиналысын өткізу туралы күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру кезінде 1 (бір) немесе одан да көп Акционерді хабардар ету үшін пошта байланысы құралдары немесе материалдық объектілерді заттай жеткізуді көздейтін өзге де байланыс құралдары пайдаланылатын жағдайда – Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күніне дейін күнтізбелік 45 (қырық бес) күннен кешіктірілмей хабардар етілуі тиіс.


49. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама Қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында, сондай-ақ Қоғамның интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялануы немесе Акционерлерге жіберілуі тиіс.

Осы Ереженің 48-тармағында белгіленген мерзімді есептеу Қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі.

50. Шешімдері бетпе-бет немесе аралас дауыс беру арқылы қабылданатын Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада:

- 1) Қоғамның толық атауы және Басқарманың орналасқан жері;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты және орны, Акционерлердің осындай жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт, сондай-ақ Акционерлердің бірінші жалпы жиналысы өткізілмеген жағдайда қайта өткізілуі тиіс Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні мен уақыты;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар Акционерлердің тізімін жасау күні;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Акционерлерді Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібі;
- 7) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі;
- 8) сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі (аралас дауыс беру жағдайында);
- 9) оларға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары қамтылуы тиіс.

Аралас дауыс беру кезінде Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада жоғарыда көрсетілген мәліметтерге қосымша Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсынудың түпкілікті күні көрсетіледі.

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 14-беті</b>

Шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыруда:

- 1) Қоғамның толық атауы және Басқарманың орналасқан жері;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар Акционерлердің тізімін жасау күні;
- 4) сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу үшін Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсынудың басталу және аяқталу күндері;
- 5) сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу күні;
- 6) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 7) Акционерлерді Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібі;
- 8) дауыс беруді өткізу тәртібі;
- 9) оларға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары қамтылуы тиіс.

51. Миноритарлық Акционер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде басқа Акционерлермен бірігу мақсатында Қоғамның Тіркеушісіне жүгінуге құқылы.

52. Миноритарлық Акционердің өтініш жасауы және Қоғам Тіркеушісінің ақпаратты басқа Акционерлерге тарату тәртібі Қоғам Тіркеушісінің тиісті құжатымен (құжаттарымен) белгіленеді.

53. Акционерлердің қайталама жалпы жиналысын өткізу Акционерлердің алғашқы (болмаған) жалпы жиналысын өткізудің белгіленген күнінен кейінгі күннен бұрын тағайындалмайды.


54. Акционерлердің қайталама жалпы жиналысы өткізілмеген Акционерлердің жалпы жиналысы орнында өткізіледі.

55. Акционерлердің қайталама жалпы жиналысының күн тәртібі өткізілмеген Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінен ерекшеленбеуі тиіс.

## **10. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша күн тәртібі мен материалдарды қалыптастыру тәртібі**

56. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі қалыптастырады және ол талқылауға шығарылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің толық тізбесін қамтуы тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде «әртүрлі», «өзге», «басқа» және соған ұқсас тұжырымдарды қоса алғанда, кең түсінілетін тұжырымдарды пайдалануға тыйым салынады.

57. Бетпе-бет тәртіппен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанда, Директорлар кеңесі (Қоғамның корпоративтік хатшысы) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзгерту бойынша келіп түскен ұсыныстар туралы Директорлар кеңесіне баяндауға міндетті.

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПІ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 15-беті</b>

58. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту Акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған дауыс беретін акциялардың жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырылады.

59. Акционерлердің бетпе-бет тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысының күн тәртібіне:

1) егер мұндай толықтырулар туралы Акционерлер Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей хабардар етілген болса, Қоғамның дауыс беретін акцияларының 5 (бес) және одан да көп пайызына дербес немесе басқа да Акционерлермен бірге иелік ететін Акционерлер немесе Директорлар кеңесі ұсынған толықтырулар;

2) егер оларды енгізу үшін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын және жиынтығында Қоғамның дауыс беретін акцияларының кемінде 95 (тоқсан бес) пайызына иелік ететін Акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі дауыс берсе, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысы шешімді сырттай және (немесе) аралас дауыс беру арқылы қабылдаған жағдайда Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертілмейді және (немесе) толықтырылмайды.

60. Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы емес.

61. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау кезінде таратылатын материалдар Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қатысты жүйелендірілуге және осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемде ақпаратты қамтуы тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі бойынша материалдар Қоғамның корпоративтік веб-сайтында Құпия ақпараттың қорғалуын қамтамасыз ету және «Қызмет бабында пайдалану үшін» белгісімен шектеуге жататын Қоғамның бекітілген қызметтік құжаттарының тізбесі ескеріліп орналастырылады.

Қоғамның корпоративтік хатшысы Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдардың қалыптастырылуын қамтамасыз етеді.

Акционерлердің жалпы жиналысында Қоғам Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір жеке мәселе бойынша жеке шешім ұсынуы тиіс.


62. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізу үшін бастамашылық етілген мәселе бойынша материалдар:

1) осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша түсіндірме хатты;

2) осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Акционерлердің жалпы жиналысы шешімінің жобасын;

3) құжаттың жобасын (оны бекіту қажет болған жағдайда);

4) болған жағдайда, өзге де қосымша құжаттарды (презентациялар, мемлекеттік органдардың, Акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің шешімдерінің көшірмелері және басқалары), көрсетілген мәселені

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 16-беті</b>

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізуді негіздейтін анықтамалық материалдарды қамтуы тиіс.

63. Егер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселе бойынша материалдарды Басқарма дайындаса, онда оларға Басқарма төрағасы (оның міндеттерін атқаратын адам) қол қояды/виза қояды және жауапты орындаушы оларды бекітеді.

64. Егер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселе бойынша материалдарды Ірі акционер дайындаса, онда оларға Ірі акционердің уәкілетті өкілдері қол қояды/виза қояды және парафирлейді.

65. Егер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселе бойынша материалдарды Директорлар кеңесі қалыптастырса, онда Қоғамның корпоративтік хатшысы жауапты орындаушының оларды парафирлеуін қамтамасыз етеді.


66. Егер Акционерлердің жалпы жиналысының ұсынылатын күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер қамтылған жағдайда, Акционер Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидаттарды ұсынуға құқылы, олардың саны Директорлар кеңесінің сандық құрамынан аспауы тиіс. Мұндай ұсыныстар Қоғамға күн тәртібіне Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселе енгізілген Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы Акционерлерге хабарланған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде келіп түсуі тиіс.

67. Директорлар кеңесінің құрамын сайлау мәселелері бойынша материалдар ұсынылған кандидаттар туралы мынадай ақпаратты қамтуы тиіс:

- 1) тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша – әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) Қоғамға үлестестігі туралы мәліметтер;
- 4) соңғы 3 (үш) жылдағы жұмыс орындары мен атқаратын лауазымдары туралы мәліметтер;
- 5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де мәліметтер.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе енгізілген жағдайда, материалдарда Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылатын кандидат қандай Акционердің өкілі болып табылатыны немесе ол Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына кандидат болып табылатыны көрсетілуі тиіс.

Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат Акционер немесе Акционер болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне Акционердің өкілі ретінде сайлануға ұсынылмаған (ұсыным жасалмаған) жеке тұлға болса, онда бұл мәліметтер де Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар Акционерлердің тізімін қалыптастыру күніне осындай Акционердің Қоғамның дауыс беретін акцияларына иелік ету үлесі туралы деректермен қоса, материалдарда көрсетілуге жатады.

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПД-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 17-беті</b>

68. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар мыналарды қамтуы тиіс:


- 1) Қоғамның аудиттелген жеке жылдық қаржы есептілігі және шоғырландырылған жылдық қаржы есептілігі;
- 2) Қоғамның жекелеген жылдық қаржы есептілігіне және шоғырландырылған жылдық қаржы есептілігіне берілген аудиторлық есептер;
- 3) Директорлар кеңесінің өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде бір жылдағы дивиденд мөлшері туралы ұсыныстары;
- 4) Акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды адамдарының іс-әрекеттеріне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы материалдар;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу бастамашысының қалауы бойынша өзге де құжаттар.

69. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар дайын және Басқарманың орналасқан жері бойынша, сондай-ақ Қоғамның корпоративтік веб-сайтында (Құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз етуді және «Қызмет бабында пайдалану үшін» белгісімен шектеуге жататын Қоғамның қызметтік құжаттарының тізбесін ескере отырып) қолжетімді болуы тиіс, Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмей, ал Акционердің жазбаша (электрондық пошта арқылы) немесе жеке сұратым жасалған жағдайда – оған қағаз және (немесе) электрондық нысандағы сұратым алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жіберілуі тиіс, бұл ретте құжаттардың көшірмелерін дайындау және құжаттарды жеткізу бойынша шығыстарды Акционер көтереді.

Қоғамның Акционерлермен және инвесторлармен өзара іс-қимылы үшін жауапты тұлғалар туралы ақпарат (телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы, жұмыс кестесі) және басқалар осы Ережеге 4-қосымшада белгіленген ең төменгі талаптарға сәйкес қалыптастырылған Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада көрсетіледі.

## **11. Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы**

70. Егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтте (барлық Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді беру күніндегі немесе Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді беру мерзімінің аяқталу күніндегі жағдай бойынша) оған қатысуға және дауыс беруге құқығы бар Акционерлердің тізіміне енгізілген, Қоғамның дауыс беретін акцияларының жиынтықта 50 (елу) және одан да көп пайызына иелік ететін Акционерлер (Акционерлердің өкілдері) тіркелсе, Акционерлердің жалпы жиналысы Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және шешімдер қабылдауға құқылы.

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 18-беті</b>

Акционерлерді тіркеу Акционерлердің жалпы жиналысы жұмысының басталуымен аяқталды деп есептеледі, өйткені Заңның 48-бабының 2-тармағына сәйкес келген Акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін жүргізіледі.

71. Өткізілмеген жиналыстың орнына өткізілетін Акционерлердің қайталама жалпы жиналысы:

1) кворумның болмауына байланысты (тіркеу кезінде кворум) өткізілмеген Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған;

2) тіркеу аяқталған сәтте оған қатысу үшін Қоғамның дауыс беретін акцияларының 40 (қырық) және одан да көп пайызына иелік ететін Акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беретін Акционерлер тіркелген жағдайда Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

72. Қоғам Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу кезінде алған Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдердегі Акционерлер берген дауыстар кворумды (Дауыс беру кезіндегі кворумды) айқындау және дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде ескеріледі.

Сырттай дауыс беру арқылы Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезінде кворум (дауыс беру кезінде кворум) болмаған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысы қайта өткізілмейді.

## 12. Есеп комиссиясы

73. Есеп комиссиясы Акционерлердің жалпы жиналысында сайланады.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша Есеп комиссиясының функциялары Қоғамның Тіркеушісіне жүктелуі мүмкін.

Есеп комиссиясының құрамында кемінде 3 (үш) адам болуы тиіс.

Есеп комиссиясын Есеп комиссиясының төрағасы басқарады.


Есеп комиссиясын сайлау шарттары мен өкілеттіктері, Есеп комиссиясының төрағасы мен мүшелерінің құқықтары мен міндеттері «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Есеп комиссиясының регламентінде (осы Ереженің ажырамас бөлігі болып табылатын 5-қосымша) көрсетілген.

74. Есеп комиссиясы:

1) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін келген тұлғалардың өкілеттіктерін тексереді;

2) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркейді, оларға Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды және дауыс беруге арналған бюллетеньдерді береді;

3) сырттай дауыс беруге алынған бюллетеньдердің жарамдылығын анықтайды және Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша жарамды бюллетеньдердің санын және оларда көрсетілген дауыстарды есептейді;

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 19-беті</b>

4) Акционерлердің жалпы жиналысында кворумның (Тіркеу кезіндегі кворумның / Дауыс беру кезіндегі кворумның) бар-жоғын анықтайды, оның ішінде жиналысты өткізудің бүкіл уақыты ішінде анықтайды және кворумның (Тіркеу кезіндегі кворумның / Дауыс беру кезіндегі кворумның) бар-жоғын жариялайды;

5) Акционерлердің жалпы жиналысында Акционерлердің құқықтарын іске асыру мәселелерін түсіндіреді;

6) Акционерлердің жалпы жиналысында қаралған мәселелер бойынша дауыстарды есептейді және дауыс беру қорытындыларын шығарады;

7) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасайды;

8) Қоғамның мұрағатына Дауыс беруге арналған бюллетеньдерді және Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы береді.

75. Есеп комиссиясы Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге арналған толтырылған бюллетеньдердегі ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

### **13. Акционерлердің жалпы жиналысында өкілдік ету**

76. Акционер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша өзі немесе өз өкілі арқылы дауыс беруге құқылы.

Басқарма мүшелерінің Акционерлердің жалпы жиналысында Акционерлердің өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.


Мұндай өкілдік Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқаулары бар сенімхатқа негізделген жағдайларды қоспағанда, Қоғам қызметкерлерінің Акционерлердің жалпы жиналысында Акционерлердің өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

77. Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес Акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделерін білдіруге құқығы бар тұлға үшін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

### **14. Акционерлердің жалпы жиналысын бетпе-бет тәртіппен өткізу тәртібі**

78. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге қатысу үшін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы бар тұлға Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада көрсетілген күндер мен сағаттарда ресми тіркеуден өтуі тиіс. Тіркеу уақыты барлық Акционерлердің (Акционер өкілдерінің) тіркелуі үшін жеткілікті болуы тиіс.

Келген Акционерлерді (Акционерлердің өкілдерін) тіркеу Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін жүргізіледі. Акционердің өкілі Акционерлердің

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 20-беті</b>

жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге берілген өкілеттіктерін растайтын сенімхатты көрсетуі тиіс.

Акционерлердің бетпе-бет тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысына келген Акционер (Акционердің өкілі) тіркелуге міндетті.

Тіркеуден өтпеген Акционер (Акционердің өкілі) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы, бірақ кворумды айқындау кезінде ескерілмейді (тіркеу кезінде кворум) және дауыс беруге қатысуға құқылы емес.

79. Акционерлердің бетпе-бет тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысына (Акционерден Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірілмей Қоғамға жіберілген жазбаша шақыру болған жағдайда) Қоғамды басқаруға қатысатын лауазымды адамдар қатысады.

80. Акционерлердің жалпы жиналысы бейне-конференц-байланыс (Zoom қосымшасы) арқылы қатысуға ниет білдірген Акционерлердің (Акционер-занды тұлға өкілдерінің) және:

1) Акционерлердің жалпы жиналысына өздері келген және Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға дайын (ниет білдірген) Акционерлердің (олардың өкілдерінің);

2) Қоғам қызметкерлерінің (қажет болған жағдайда);

3) Басқарманың және Директорлар кеңесінің барлық немесе кейбір мүшелерінің (Акционерден (Акционерлерден) тиісті жазбаша сұратым түскен жағдайда) қатысуымен өткізіледі.

81. Акционерлер (Акционерлердің өкілдері), оның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысына бейне-конференц-байланыс (Zoom қосымшасы) арқылы қатысуға ниет білдірген Акционерлер (Акционерлердің-занды тұлғалардың өкілдері) және шақырылған адамдар Есеп комиссиясы төрағасының (Акционерлердің жалпы жиналысы төрағасының (төралқасының) сайланғанға дейін)/Акционерлердің жалпы жиналысы төрағасының (төралқасының) рұқсатымен Акционерлердің жалпы жиналысында сөз сөйлеуге құқылы.

82. Акционер тіркеуді жүзеге асыру үшін:

1) Есеп комиссиясына жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады;


2) Есеп комиссиясына Қоғамның акцияларына иелік ету құқығын растайтын құжатты, атап айтқанда – жеке шоттан үзінді көшірмені ұсынады.

83. Акционердің өкілі тіркеуді жүзеге асыру үшін:

1) Есеп комиссиясына жеке басын куәландыратын құжатты, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өкілеттіктерін растайтын сенімхатты ұсынады;

2) акцияларды иелену құқығын растайтын құжатты (жеке шоттан үзінді көшірмені), Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өкілеттіктерін растайтын сенімхатты (егер мұндай сенімхат Акционерлердің белгілі бір жалпы жиналысына қатысу үшін берілген болса) ұсынады.

84. Есеп комиссиясы Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға тілек білдірген адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттарды және олардың

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПІ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 21-беті</b>

өкілеттіктерін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар Акционерлердің тізіміне сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.

85. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын адамдардың өкілеттіктері расталған кезде Есеп комиссиясының мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу журналын толтырады және Акционерлерге (Акционерлердің өкілдеріне) күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды және Акционерлердің жалпы жиналысында Дауыс беруге арналған бюллетеньді береді.

86. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеуді аяқтау қорытындылары бойынша Есеп комиссиясы кворумның (Тіркеу кезіндегі кворумның) болуын анықтайды.

Шешімдері аралас дауыс беру арқылы қабылданатын Акционерлердің жалпы жиналысының кворумын (Дауыс беру кезіндегі кворумын) айқындау кезінде сырттай дауыс берген Акционерлердің (Акционер өкілдерінің) бюллетеньдері ескеріледі.

Егер бұрын Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді жіберген Акционер аралас дауыс беру пайдаланылатын Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға (жеке қатысуға) және дауыс беруге келсе, осы Ереженің 106-тармағы екінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, оның бұрын жіберілген сырттай дауыс беруге арналған бюллетені Акционерлердің жалпы жиналысының кворумын (Тіркеу кезіндегі кворумды) айқындау және Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстарды санау кезінде есепке алынбайды.

87. Акционерлердің жалпы жиналысы жарияланған уақытта кворум (Тіркеу кезіндегі кворум) болған кезде ашылады. барлық Акционерлер (Акционерлердің өкілдері) тіркелген, хабардар етілген және Акционерлердің жалпы жиналысының ашылу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайды қоспағанда Акционерлердің жалпы жиналысы жарияланған уақыттан бұрын ашылмайды.


Егер Акционерлердің жалпы жиналысы басталғаннан кейін белгіленген уақыттан кейін 1 (бір) сағат ішінде кворум (Тіркеу кезіндегі кворум) болмаса, онда Акционерлердің жалпы жиналысы Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада көрсетілген Акционерлердің жалпы жиналысын қайта өткізу күні мен уақытына ауыстырылады.

Акционерлердің қайталама жалпы жиналысы осы Ережеде белгіленген тәртіппен өткізіледі.

88. Акционерлердің жалпы жиналысы Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) сайлауын өткізеді.

89. Дауыс беру нысанын – ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) – Акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді.

90. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын (төралқасын) сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру «1 (бір) акция – 1 (бір) дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады, ал шешім Акционерлердің жалпы жиналысында

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 22-беті</b>

ұсынылған және дауыс беруге қатысуға құқығы бар Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

91. Басқарма мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысына төрағалық ете алмайды.

92. Акционерлердің жалпы жиналысының төралқасы сайланған жағдайда, оның мүшелерінің саны тақ болуы тиіс, ал шешімдерді оның мүшелері консенсус арқылы әзірлейді. Акционерлердің жалпы жиналысы төралқасының құрамын Акционерлер (Акционерлердің өкілдері) ұсынады.

93. Акционерлердің жалпы жиналысы Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысын сайлауды өткізеді. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысын сайлау туралы шешім Акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған және дауыс беруге қатысуға құқығы бар Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы болып сайлану үшін кандидат ретінде бірінші кезекте Қоғамның корпоративтік хатшысы ұсынылады.

94. Есеп комиссиясының төрағасы (оның міндеттерін атқаратын адам) Акционерлердің жалпы жиналысын ашады, осы Ережеге б-қосымшада ұсынылған Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу регламентін жариялайды, Акционерлердің жалпы жиналысында Акционерлердің құқықтарын іске асыру мәселелерін түсіндіреді, Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын (төралқасын) сайлау туралы рәсімдік мәселені қарауға және шешім қабылдауға ұсынады.


95. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін жариялайды.

96. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша баяндамалар үшін сөз ұсынады, Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселені талқылаудың аяқталғаны және дауыстарды санаудың басталғаны туралы хабарлайды, Акционерлердің жалпы жиналысының корпоративтік шешімдердің сапалы қабылдануын қамтамасыз етеді.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы (төралқасы) қаралатын мәселе бойынша жарыссөздерді тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселені талқылауға қатысуға құқығы бар адамдардың сөз сөйлеуіне кедергі келтіруге құқылы емес, мұндай сөз сөйлеу Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу регламентінің (осы Ережеге б-қосымша) бұзылуына әкеп соғатын немесе осы мәселе бойынша жарыссөздер тоқтатылған жағдайларды қоспағанда.

97. Қоғамның корпоративтік хатшысы Акционерлердің (Акционерлердің өкілдерінің) Акционерлердің жалпы жиналысына дейін және оның барысында қойылатын барлық мәселелерін тіркейді.

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 23-беті</b>

Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) тікелей Акционерлердің жалпы жиналысы барысында сұрақтарға жауап алуды қамтамасыз етеді (ұсынуды ұйымдастырады).

Егер сұрақтардың күрделілігі оларға дереу жауап беруге мүмкіндік бермесе, Қоғамның корпоративтік хатшысы Акционерлердің жалпы жиналысы аяқталғаннан кейін қысқа мерзімде Акционерлердің (Акционер өкілдерінің) Акционерлердің жалпы жиналысына дейін және оның барысында қойған сұрақтарына қатысы бар тұлғалардың жазбаша түрде жауап беруін ұйымдастырады.

98. Акционерлердің жалпы жиналысы өз жұмысындағы үзіліс туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жекелеген мәселелерді қарауды келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы, бұл туралы Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында белгі жасалады.

99. Акционерлердің жалпы жиналысы Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, олар бойынша шешім қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялануы мүмкін.

100. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толық және дұрыс болуы үшін жауап береді.


101. Акционерлердің бетпе-бет тәртіппен (бетпе-бет дауыс беру арқылы) өткізілетін жалпы жиналысына қатысу үшін тіркелген, сондай-ақ оған өздері қатысқан Акционерлер (Акционерлердің өкілдері) қатысады. Акционер (Акционердің өкілі) дауыс беруге немесе ерекше пікір беруге міндетті.

102. Бетпе-бет тәртіппен (аралас дауыс беру арқылы) өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысына оған қатысу үшін тіркелген және жеке өзі қатысқан Акционерлер (Акционерлердің өкілдері), сондай-ақ Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдері Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді беру аяқталған күннен кешіктірілмей алынған Акционерлер (Акционерлердің өкілдері) қатысады. Акционер (Акционердің өкілі) дауыс беруге немесе ерекше пікір беруге міндетті.

103. Акционер (Акционер-заңды тұлғаның басшысы) Акционерлердің бетпе-бет өткізілетін жалпы жиналысына қашықтықтан, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (Zoom қосымшасын) пайдалана отырып:

1) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада көрсетілген байланыс тұлғасына конференцияға қолжетімділік алу үшін электрондық пошта арқылы жазбаша өтінім (конференцияға шақыру-сілтемесі/идентификатор) уақытылы берілген жағдайда қатысуға құқылы, бұл ретте мұндай өтінішке жеке куәліктің және Қоғам акцияларына иелік ету құқығын растайтын құжаттың көшірмелері, атап айтқанда – жеке шоттан үзінді көшірме қоса беріледі;

2) өзінің жеке басын сәйкестендірудің, оның ішінде техникалық құрылғы экранында адамның және жеке басын куәландыратын құжаттың бейне-көрсетілімі

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 24-беті</b>

арқылы сәйкестендірудің техникалық мүмкіндіктері болған жағдайда қатысуға құқылы.

Жазбаша өтінішті Акционер (Акционер-заңды тұлғаның басшысы) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада көрсетілген Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу уақыты аяқталғанға дейін жіберуі тиіс, ал конференцияның сілтеме-шақыруын/идентификаторын Акционерге (Акционер-заңды тұлғаның басшысына) Есеп комиссиясының хатшысы Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада көрсетілген Акционерлердің жалпы жиналысы басталатын уақыттан кешіктірмей жібереді.

Бұл ретте, Акционер (Акционер-заңды тұлғаның басшысы) Акционерлердің жалпы жиналысына ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып (Zoom қосымшасы) қашықтықтан қатысуға және күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы, бірақ кворумды (Тіркеу кезіндегі кворумды) айқындау кезінде ескерілмейді және дауыс беруге қатысуға құқылы емес.

Акционерге (Акционер-заңды тұлғаның басшысына) Қоғамның жазбаша рұқсатынсыз ақпараттық-коммуникациялық сервистерді (оның ішінде Zoom, Teams және т.б.) пайдалана отырып трансляциялауды жүзеге асыруға, Zoom қосымшасынан Акционерлердің жалпы жиналысының бейнесигналын (стримін) беруге, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының барысын аудио-, фото- және бейнежазбаға (бейнетіркеуге) жүргізуге тыйым салынады.

104. Акционер (Акционер-заңды тұлғаның басшысы):


1) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада көрсетілген байланыс тұлғасына конференцияға қолжетімділік алу үшін электрондық пошта арқылы жазбаша өтінішті (конференцияға шақыру-сілтемесін/идентификаторын) уақытылы берген;

2) өзінің жеке басын сәйкестендірудің, оның ішінде техникалық құрылғы экранында адамның және жеке басын куәландыратын құжаттың бейне-көрсетілімі арқылы сәйкестендірудің техникалық мүмкіндігі болған;

3) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін белгіленген тәртіппен тіркеуден өткен;

4) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сырттай дауыс беру үшін белгіленген тәртіппен толтырылған бюллетень Қоғамның кеңсесіне уақытылы келіп түскен немесе Есеп комиссиясы оны алған жағдайда аралас дауыс беру арқылы өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысына қашықтықтан, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып (Zoom қосымшасы) қатысуға құқылы.

Бұл ретте, Акционер (Акционер-заңды тұлғаның басшысы) Қоғамның Қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында немесе корпоративтік веб-сайтында орналастырылған немесе Есеп комиссиясынан алынған Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді толтыру арқылы дауыс береді.

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 25-беті</b>

Белгіленген тәртіппен толтырылған Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньнің түпнұсқасын Акционер (Акционер-заңды тұлғаның басшысы) пошта арқылы жіберуге/қолма-қол беруге және Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада көрсетілген Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсыну мерзімі аяқталған күннен кешіктірмей белгіленген тәртіппен Қоғамның кеңсесіне немесе Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу уақыты аяқталғанға дейін Есеп комиссиясына келіп түсуі тиіс.

Акционерге (Акционер-заңды тұлғаның басшысына) Қоғамның жазбаша рұқсатынсыз ақпараттық-коммуникациялық сервистерді (оның ішінде Zoom, Teams және т.б.) пайдалана отырып трансляциялауды жүзеге асыруға, Zoom қосымшасынан Акционерлердің жалпы жиналысының бейнесигналын (стримін) беруге, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының барысын аудио-, фото- және бейнежазбаға (бейнетіркеуге) жүргізуге тыйым салынады.

105. Егер Акционер (Акционер-заңды тұлғаның басшысы) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін тіркелсе, бірақ Акционерлердің жалпы жиналысы басталғанға дейін Есеп комиссиясын Акционерлердің осы жалпы жиналысына қашықтықтан қатысу ниеті туралы хабардар етсе, мұндай Акционер (Акционер-заңды тұлғаның басшысы):

1) еркін нысанда жазбаша өтініш жазу арқылы Есеп комиссиясын уақытылы хабардар еткен;


2) өзінің жеке басын сәйкестендірудің, оның ішінде техникалық құрылғы экранында адамның және жеке басын куәландыратын құжаттың бейне-көрсетілімі арқылы сәйкестендірудің техникалық мүмкіндіктерінің болған;

3) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сырттай дауыс беруге арналған толтырылған бюллетенді Есеп комиссиясы белгіленген тәртіппен уақытылы алған жағдайда аралас дауыс беру арқылы өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысына қашықтықтан, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып (Zoom қосымшасы) қатысуға құқылы.

Бұл ретте, Акционер (Акционер-заңды тұлғаның басшысы) Есеп комиссиясынан сұратым келіп түскеннен кейін ол ұсынған Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенді толтыру арқылы дауыс беруді жүзеге асырады.

Белгіленген тәртіппен толтырылған Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньнің түпнұсқасын Акционер (Акционер-заңды тұлғаның басшысы) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада көрсетілген Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу уақыты аяқталғанға дейін Есеп комиссиясына ұсынуы тиіс.

Акционерге (Акционер-заңды тұлғаның басшысына) Қоғамның жазбаша рұқсатынсыз ақпараттық-коммуникациялық сервистерді (оның ішінде Zoom, Teams және т.б.) пайдалана отырып трансляциялауды жүзеге асыруға, Zoom қосымшасынан Акционерлердің жалпы жиналысының бейнесигналын (стримін) беруге, сондай-ақ оның барысын аудио-, фото- және бейнежазбаға түсіруге (бейнетіркеуге) тыйым салынады.

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 26-беті</b>

106. Егер аралас дауыс беру арқылы өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға келген Акционерлердің (Акционерлердің өкілдерінің) саны Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу үшін белгіленген үй-жайдағы отыратын орындар санынан асып кеткен жағдайда, Акционерлерді (Акционерлердің өкілдерін) мұндай үй-жайға Есеп комиссиясы Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін олар тіркелген кезектілікке сәйкес кіргізеді.

Осындай үй-жайға орналаса алмаған Акционер (Акционер-занды тұлғаның басшысы) Акционерлердің жалпы жиналысына:

1) осы Ереженің 105-тармағында белгіленген тәртіппен Есеп комиссиясына сырттай дауыс берудің толтырылған бюллетенін ұсыну және бейнеконференц-байланыс арқылы (Zoom қосымшасы) қатысу арқылы;

2) осы Ереженің 103-тармағында белгіленген тәртіппен дауыс берусіз, бейнеконференц-байланыс арқылы (Zoom қосымшасы) қатысу арқылы жүзеге асырылады.


107. Егер бетпе-бет тәртіппен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға келген Акционерлердің (Акционерлердің өкілдерінің) саны Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу үшін бөлінген үй-жайдағы отыратын орындар санынан асып кеткен жағдайда (оны Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу нәтижелері бойынша Есеп комиссиясы белгілейді), жалпы жиналыс өткізілмеді деп есептеледі. Бұл жағдайда Есеп комиссиясы 3 (үш) жұмыс күні ішінде тиісті хаттама жасайды, онда Акционерлердің жалпы жиналысының өткізілмеу себебі көрсетіледі, ал Есеп комиссиясының төрағасы оны Директорлар кеңесінің мүшелеріне жібереді. Директорлар кеңесі көрсетілген хаттаманы алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру және оны аралас дауыс беру арқылы өткізу туралы шешім қабылдауға міндетті, бұл ретте мұндай Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өткізілмеген Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің барлық мәселелерін қамтуы тиіс. Егер осы тармақта белгіленген мерзім ішінде Директорлар кеңесі Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдаса, онда кез келген Акционер Қоғамды Акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге міндеттеу туралы талаппен сотқа жүгінуге құқылы.

### **15. Акционерлердің жалпы жиналысының сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдауы**

108. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан Акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру) немесе Акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей-ақ қолданылуы мүмкін.

109. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень Акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға:

1) материалдық объектілерді заттай жеткізуді көздейтін пошта байланысы құралдарын немесе өзге де байланыс құралдарын пайдаланған кезде –

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 27-беті</b>

Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмей;

2) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламамен бірге хабарлама электрондық тәсілмен жіберілген немесе Қоғамның веб-сайтында және Қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған кезде – Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмей жіберілуі тиіс.

Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер Қоғамның веб-сайтында орналастырылады және Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламамен бірге Қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында жарияланады.

Қоғам Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатында Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жекелеген Акционерлерге таңдап жіберуге құқылы емес.


110. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде:

- 1) Қоғамның толық атауы және Басқарманың орналасқан жері;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру бастамашысы туралы ақпарат;
- 3) Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсынудың түпкілікті күні;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысының жабылу күні;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) егер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың аты-жөндері;
- 7) дауыс беру жүргізілетін мәселелер бойынша шешімдердің тұжырымдамалары;
- 8) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша «қолдаймын», «қарсымын», «қалыс қалдым» деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары;
- 9) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (дауыс беруге арналған бюллетеньді толтыру) тәртібін түсіндіру қамтылуы тиіс.

Егер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде жекелеген кандидаттарға берілген дауыстар санын көрсету үшін өрістер қамтылуы тиіс (Директорлар кеңесінің бір орнына 1 (бір) кандидат сайланатын жағдайларды қоспағанда).

111. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге Акционер-жеке тұлға (Акционер-жеке тұлғаның өкілі) осы тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді (жеке куәліктің/төлқұжаттың нөмірі, берілген күні, құжатты берген орган және жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) болған кезде) көрсете отырып қол қоюы тиіс.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге Акционер қол қойған жағдайда:

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 28-беті</b>

1) осы бюллетеньді пошта арқылы Қоғамның кеңсесіне жіберген кезде немесе осы бюллетеньді тікелей Есеп комиссиясына үшінші тұлға арқылы ұсынған кезде – осы бюллетеньмен бірге: Акционердің жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін, акцияларға иелік ету құқығын растайтын құжат, атап айтқанда – жеке шоттан үзінді көшірмен беруі тиіс;

2) осы бюллетеньді Акционер тікелей Есеп комиссиясына ұсынған кезде – осы бюллетеньмен бірге Акционердің жеке басын куәландыратын құжатты және акцияларға иелік ету құқығын растайтын құжатты, атап айтқанда – жеке шоттан үзінді көшірмені ұсынуы тиіс.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге Акционердің өкілі қол қойған жағдайда:

1) осы бюллетеньді пошта арқылы Қоғамның кеңсесіне жіберген кезде немесе осы бюллетеньді тікелей Есеп комиссиясына үшінші тұлға арқылы ұсынған кезде – осы бюллетеньмен бірге: сенімхаттың/Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өкілеттікті растайтын өзге де құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін немесе сенімхаттың түпнұсқасын, егер мұндай сенімхат Акционерлердің белгілі бір жалпы жиналысына қатысу үшін берілген болса; бюллетеньге қол қойған адамның жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін; акцияларға иелік ету құқығын растайтын құжатты, атап айтқанда – жеке шоттан үзінді көшірмені беруі тиіс;


2) осы бюллетеньге қол қойған адам осы бюллетеньді тікелей Есеп комиссиясына ұсынған кезде – осы бюллетеньмен бірге: бюллетеньге қол қойған адамның жеке басын куәландыратын құжатты; Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өкілеттіктерін растайтын сенімхат немесе өзге де құжатты (егер сенімхат Акционерлердің белгілі бір жалпы жиналысына қатысу үшін берілген болса, ол Есеп комиссиясында қалады), сондай-ақ Есеп комиссиясына акцияларға иелік ету құқығын растайтын құжатты, атап айтқанда – жеке шоттан үзінді көшірмені ұсынуы тиіс.

112. Акционер-заңды тұлғаның сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне оның басшысы (Акционер-заңды тұлғаның өкілі) қол қоюы тиіс.

Акционер-заңды тұлғаның басшысы Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге қол қойған жағдайда:

1) осы бюллетеньді пошта арқылы Қоғамның кеңсесіне жіберген кезде немесе осы бюллетеньді тікелей Есеп комиссиясына үшінші тұлға арқылы ұсынған кезде – осы бюллетеньмен бірге: осы заңды тұлғаның мөрімен расталған Акционер-заңды тұлғаның бірінші басшысы лауазымына сайлау немесе тағайындау туралы құжаттың (құжаттардың) көшірмесі; осы заңды тұлғаның бірінші басшысының жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі; акцияларды иелену құқығын растайтын құжат, атап айтқанда – жеке шоттан үзінді көшірме;

2) осы бюллетеньді осы бюллетеньге қол қойған тұлға тікелей Есеп комиссиясына ұсынған кезде – осы бюллетеньмен бірге бюллетеньге қол қойған адамның жеке басын куәландыратын құжат ұсынылуы тиіс, сондай-ақ: осы заңды

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 29-беті</b>

тұлғаның мөрімен расталған Акционер-заңды тұлғаның бірінші басшысы лауазымына сайлануы немесе тағайындалуы туралы құжаттың көшірмесі (-лері); акцияларға иелік ету құқығын растайтын құжат, атап айтқанда – жеке шоттан үзінді көшірме ұсынылуы тиіс.

Акционер-заңды тұлғаның өкілі Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге қол қойған жағдайда:

1) осы бюллетеньді пошта арқылы Қоғамның кеңсесіне жіберген кезде немесе осы бюллетеньді тікелей Есеп комиссиясына үшінші тұлға арқылы ұсынған кезде – осы бюллетеньмен бірге: осы заңды тұлғаның мөрімен расталған сенімхаттың көшірмесі/Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өкілеттіктерін растайтын өзге де құжат немесе, егер мұндай сенімхат Акционерлердің белгілі бір жалпы жиналысына қатысу үшін берілген болса, сенімхаттың түпнұсқасы; бюллетеньге қол қойған адамның жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі; акцияларға иелік ету құқығын растайтын құжат, атап айтқанда – жеке шоттан үзінді көшірме;


2) осы бюллетеньге қол қойған адам осы бюллетеньді тікелей Есеп комиссиясына ұсынған кезде – осы бюллетеньмен бірге: бюллетеньге қол қойған адамның жеке басын куәландыратын құжат; Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өкілеттіктерін растайтын сенімхат немесе өзге құжат (егер сенімхат Акционерлердің белгілі бір жалпы жиналысына қатысу үшін берілген болса, ол Есеп комиссиясында қалады), сондай-ақ Есеп комиссиясына акцияларға иелік ету құқығын растайтын құжат, атап айтқанда – жеке шоттан үзінді көшірме ұсынылуы тиіс.

113. Акционер-жеке тұлғаның немесе Акционер-заңды тұлға басшысының немесе Акционер-жеке тұлға өкілінің немесе Акционер-заңды тұлғаның өкілінің қолы қойылмаған Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень жарамсыз деп танылады.

114. Дауыстарды санау кезінде Акционер (Акционердің өкілі) Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді ұсыну тәртібін, Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде айқындалған дауыс беру тәртібін сақтаған және Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің ықтимал нұсқаларының біреуі ғана белгіленген Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстар ескеріледі.

115. Акционер (Акционердің өкілі) толтырған және қол қойған Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень Есеп комиссиясына ұсынылады немесе Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада көрсетілген Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсынудың соңғы күнінен кешіктірілмей Қоғамның кеңсесіне жіберіледі. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньнің түпнұсқасы пошта арқылы жіберілуі немесе қолма-қол ұсынылуы және осы Ережеде көзделген тәртіппен Қоғамның кеңсесіне келіп түсуі/Есеп комиссиясына келіп түсуі тиіс.

116. Есеп комиссиясы сырттай берілген дауыстарды жинау және санау рәсімінің тиісті түрде жүргізілуін қамтамасыз етеді.

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПІ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 30-беті</b>

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньнің нысаны Акционерлерге (Акционерлердің өкілдеріне) әрбір шешімді қабылдауға «қолдаймын» немесе «қарсымын» деп дауыс беруге, сондай-ақ дауыс беруден бас тартуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдердің нысандарында да қалыс қалғандардың дауыстары шешім қабылдауға «қолдаймын» және «қарсымын» дауыс беру арақатынасын есептеу кезінде ескерілмейтіні нақты түсіндіріледі.

117. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада көрсетілген Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді беру аяқталған күннен кешіктірілмей алынған Акционерлер (Акционерлердің өкілдері) сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан болып есептеледі.

118. Егер сырттай дауыс беру арқылы Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезінде сырттай дауыс беруге арналған тиісінше толтырылған бюллетеньдер барлық Акционерлерден дауыстарды санаудың белгіленген күнінен бұрын келіп түссе, онда бұдан ертерек күні дауыстарды санауға жол беріледі, бұл Акционерлердің жалпы жиналысындағы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамада көрсетіледі.

119. Сырттай дауыс беру нәтижелері Акционерлердің жалпы жиналысы жабылған күннен кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде оларды Қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде жариялау арқылы Акционерлердің назарына жеткізіледі.


## **16. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру**

120. Акционерлердің жалпы жиналысында:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда 1 (бір) Акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың максималды саны шектелген;

2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс берілген, бұл ретте, егер Директорлар кеңесінің 1 (бір) орнына 1 (бір) кандидат сайланатын болса, Кумулятивтік дауыс беру қолданылмайды, өйткені кандидаттар бойынша Акционерлердің дауыстарын бөлу рәсімі талап етілмеген (баламалы кандидаттар болмаған жағдайда бірнеше тұлғалар арасында дауыстарды бөлудің кумулятивтік жүйесі объективті түрде қолданылмайды және дауыс беру іс жүзінде жалғыз кандидатты сайлауды растау/растамау нысанында жүзеге асырылады);

3) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқығы бар әрбір тұлғаға Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік (Заңға, Жарғыға, осы Ереженің 37 және 38-тармақтарына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне кірмейтін) мәселелері бойынша 1 (бір) дауыс берілген жағдайларды қоспағанда, дауыс беру «1 (бір) акция – 1 (бір) дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 31-беті</b>

121. Кумулятивтік дауыс беру кезінде акция бойынша берілетін дауыстарды Акционер Директорлар кеңесі мүшелігіне 1 (бір) кандидатқа толықтай бере алады немесе Директорлар кеңесі мүшелігіне бірнеше кандидаттар арасында бөле алады. Ең көп дауыс берген кандидаттар Директорлар кеңесіне сайланды деп танылады.

Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне 2 (екі) және одан да көп кандидат тең дауыс санын жинаса, осы кандидаттарға қатысты Есеп комиссиясы Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған Акционерлерге (Акционерлердің өкілдеріне) тең дауыс санын жинаған кандидаттарды көрсете отырып, кумулятивтік дауыс беру бюллетеньдерін ұсыну арқылы қосымша кумулятивтік дауыс беру өткізіледі.

Кумулятивтік дауыс беру бюллетенінде мынадай бағандар болуы тиіс:

- 1) Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттар тізімі;
- 2) Акционерге тиесілі дауыстар саны;
- 3) Акционердің Директорлар кеңесі мүшелігіне кандидатты қолдап берген дауыстарының саны.

Кумулятивтік дауыс беру бюллетеніне «қарсымын» және «қалыс қалдым» деген дауыс беру нұсқаларын енгізуге тыйым салынады.


122. Егер Акционерлердің бетпе-бет тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысында дауыс беру жасырын тәсілмен жүзеге асырылса, мұндай дауыс беруге арналған бюллетеньдер (бұдан әрі – **Бетпе-бет жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер**) дауыс беру жасырын тәсілмен жүзеге асырылатын әрбір жеке мәселе бойынша жасалуы тиіс. Бұл ретте бетпе-бет жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньде мыналар болуы тиіс:

- 1) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселенің тұжырымдамасы немесе оның реттік нөмірі;
- 2) «қолдаймын», «қарсымын», «қалыс қалдым» деген сөздермен білдірілген мәселе бойынша дауыс беру нұсқалары немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелігіне әрбір кандидат бойынша дауыс беру нұсқалары;
- 3) Акционерге тиесілі дауыстар саны.

Бетпе-бет жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер Акционерге (Акционердің өкіліне) осы Ереженің 78-тармағында белгіленген тәртіппен беріледі және Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен жасырын дауыс беру нысаны айқындалған жағдайда ғана қолданылады.

123. Акционердің өзі осындай бюллетеньге қол қоюға ниет білдірген жағдайды қоспағанда, оның ішінде Қоғамға Заңға сәйкес оған тиесілі акцияларды сатып алу туралы талап қою мақсатында, бетпе-бет жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньге Акционер қол қоймайды.

Бетпе-бет жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер бойынша дауыстарды санау кезінде дауыс берушілер осындай бюллетеньде айқындалған дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің ықтимал нұсқаларының біреуі ғана белгіленген (кумулятивтік дауыс беруді қоспағанда) мәселелер бойынша дауыстар есепке алынады.

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПІ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 32-беті</b>

124. Есеп комиссиясының мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселені бетпе-бет жасырын дауыс беру арқылы қарау қорытындылары бойынша Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған Акционерлерден (Акционерлердің өкілдерінен) бетпе-бет жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жинауды және Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыстарды санауды жүзеге асырады.

125. Бетпе-бет жасырын дауыс беру арқылы өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселе бойынша дауыс беру кезінде (кумулятивтік дауыс беруді қоспағанда) дауыс берудің ықтимал нұсқаларының бірі – «қолдаймын», «қарсымын», «қалыс қалдым» ғана қалдырылған мәселелер бойынша дауыстар есепке алынады.

126. Осы Ереженің 125-тармағында көзделген талап бұзыла отырып толтырылған, бетпе-бет жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер жарамсыз деп танылады және онда қамтылған Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстар есептелмейді.


127. Акционерлердің жалпы жиналысын ашық дауыс беру нысанында бетпе-бет өткізу кезінде қатысып отырған, дауыс беру құқығы бар Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушылар – Акционерлер (олардың өкілдері) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу журналы бойынша реттік нөміріне сәйкес келетін сәйкестендіру нөмірімен (тіркеу кезінде Есеп комиссиясынан алынған) қолды көтеру арқылы дауыс береді (өз ерік білдіруін білдіреді).

128. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселені қарау аяқталғаннан кейін Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) осы мәселе бойынша ұсынылатын шешімді дауысқа салады.

Есеп комиссиясы дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жинау қорытындылары бойынша кворумның (Дауыс беру кезіндегі кворумның) бар-жоғын анықтайды, Акционерлердің жалпы жиналысында қаралған мәселелер бойынша дауыстарды есептейді және дауыс беру қорытындысын шығарады.

Есеп комиссиясы Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу деректерін және оларға тиесілі дауыс беретін акциялардың санын ескере отырып, «қолдаймын», «қарсымын» және «қалыс қалдым» деген дауыстардың санын немесе Кумулятивтік дауыс беруді өткізу шеңберінде берілген дауыстардың санын тіркейді.

Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған және дауыс беруге құқығы бар қатысушылардың дауыс беру нәтижелеріне аралас дауыс беру кезінде Есеп комиссиясы Акционерлердің жалпы жиналысы басталғанға дейін белгіленген тәртіппен алынған Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер бойынша дауыс беру нәтижелерін қорытындылайды және Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің түпкілікті қорытындыларын айқындайды.

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	<b>60 беттің 33-беті</b>
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	

129. Дауыс беру қорытындылары бойынша Есеп комиссиясы Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы жасайды және оған қол қояды.

130. Дауыс беруге шығарылған Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселе бойынша Акционердің ерекше пікірі болған кезде Есеп комиссиясы Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы тиісті жазба енгізуге міндетті.

131. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасалып, оған қол қойылғаннан кейін, олардың негізінде Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасалған, толтырылған бетпе-бет жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер, кумулятивтік және Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен бірге тігіледі және Қоғамда сақталады.

132. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары туралы хаттама Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қоса тігілуі тиіс.

133. Әрбір рәсімдік мәселе және Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселе бойынша дауыс беру қорытындылары ол қаралғаннан кейін дереу шығарылады және Есеп комиссиясының төрағасы (оның міндеттерін атқаратын адам) келесі мәселені қарау басталғанға дейін жария етеді.


134. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары тиісті Акционерлердің жалпы жиналысы жабылған күннен кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде оларды Қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде жариялау арқылы Акционерлердің назарына жеткізіледі.

## **17. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы**

135. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы Акционерлердің тиісті жалпы жиналысы жабылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жасалуы және оған қол қойылуы тиіс.

136. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында:

- 1) Қоғамның толық атауы және Басқарманың орналасқан жері;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты және орны;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысына ұсынылған Қоғамның дауыс беретін акцияларының саны туралы мәліметтер;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы (Тіркеу кезіндегі кворум);
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- 7) Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) және хатшысы;

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПІ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 34-беті</b>

- 8) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын адамдардың сөз сөйлеуі;  
9) дауыс беруге қойылған Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Акционерлердің жалпы дауыс саны;  
10) дауысқа қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;  
11) Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер көрсетіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысында Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе қаралған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында Директорлар кеңесінің сайланған мүшесі қандай Акционердің өкілі болып табылатыны және (немесе) Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетіледі.

137. Бетпе-бет тәртіппен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқа мүшелері), хатшысы, Есеп комиссиясының мүшелері қол қоюы тиіс.

138. Сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына Есеп комиссиясының мүшелері қол қоюы тиіс.


139. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына оған қол қоюға міндетті адам қол қоюы мүмкін болмаған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына тиісті сенімхаттың негізінде оның өкілі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес сенімхатсыз әрекет етуге немесе Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қол қоюға міндетті адамның мүдделерін білдіруге құқығы бар адам қол қояды.

140. Осы Ереженің 137 және 138-тармақтарында аталған адамдардың кез келгені Акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының мазмұнымен келіспеген жағдайда, осы адам Акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасына қоса тігілуге жататын бас тарту себебінің жазбаша түсіндірмесін ұсына отырып, оған қол қоюдан бас тартуға құқылы.

141. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығына сенімхаттардың көшірмелерімен (немесе, егер сенімхаттар Акционерлердің белгілі бір жалпы жиналысына қатысу үшін ғана берілсе, түпнұсқаларымен), дауыс беруге арналған бюллетеньдермен және Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қол қоймаған адамдардың Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қол қоюдан бас тарту себептері туралы жазбаша түсініктемелерімен бірге тігіледі.

142. Көрсетілген құжаттар Басқармада сақталуы және кез келген уақытта танысу үшін Акционерлерге берілуі тиіс. Акционердің талап етуі бойынша оған Құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі талаптар және «Қызмет бабында пайдалану үшін» белгісімен шектеуге жататын Қоғамның қызметтік құжаттарының тізбесі сақтала отырып, Акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

143. Акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған шешімдер (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) Құпия ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етуді

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПІ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 35-беті</b>

және «Қызмет бабында пайдалану үшін» белгісімен шектеуге жататын Қоғамның қызметтік құжаттарының тізбесін ескере отырып, тиісті Акционерлердің жалпы жиналысы жабылған күннен кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Қоғамның корпоративтік веб-сайтында орналастырылады.

## 18. Жауапкершілік

144. Қоғамның корпоративтік хатшысы Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қалыптастыру үшін жауапты болады.

145. Есеп комиссиясының мүшелері дауыс беру нәтижелерін өңдеу кезінде алынған ақпараттың құпиялылығын сақтау, Акционерлердің дауыстарын санаудың дұрыстығы, Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы тиісінше ресімдеу үшін жауапты болады.

146. Мәселені Акционерлердің жалпы жиналысының / Басқарманың қарауына шығарудың бастамашысы Қоғамның Корпоративтік хатшысына олардың толықтығын қоса алғанда, барлық қажетті материалдарды уақтылы дайындауда, келісуден өтуде, қол қоюда және тиісті қол қоюда/бұрыштама қоюда жәрдем көрсетеді.

## 19. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерін орындау


147. Егер шешімде өзгеше арнайы ескертілмесе және Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілмесе, Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерінің орындалу барысын бақылауды Директорлар кеңесі және Басқарма жүзеге асырады.

148. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан және қатыспаған барлық Акционерлер үшін оларға қатысты бөлігінде орындалуы міндетті.

## 20. Қорытынды ережелер

149. Осы Ережені бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатады.

150. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе Жарғының өзгеру нәтижесінде осы Ереженің жекелеген нормалары олармен қайшылыққа түссе, онда Ережеге тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе Жарғының нормаларын басшылыққа алу қажет.

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 36-беті</b>

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Акционерлерінің жалпы  
жиналысы туралы ережеге  
1-қосымша

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
коммерциялық құпиясын құрайтын мәліметтерді жария етпеу туралы  
МІНДЕТТЕМЕ**

Мен,

*(тегі, аты, әкесінің аты)*

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпиясын құрайтын ақпараттың тізбесімен таныстым *(сканерленген көшірменің басып шығарылған данасы қоса беріліп отыр)*.

1. Маған Акционер ретіндегі құқықтарым мен міндеттерімді жүзеге асыруыма байланысты, сондай-ақ басқа да мән-жайларға байланысты белгілі болуы мүмкін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – **ҚМГ**) коммерциялық құпиясын құрайтын мәліметтерді, Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің өзге де хат-хабарламасын ешкімге ауызша, жазбаша түрде немесе өзге де тәсілмен хабарламауға;

2. «Қызмет бабында пайдалану үшін» немесе «Құпия» деген белгісі бар құжаттармен жұмыс істеуге байланысты ҚМГ-нің барлық талаптарын адал орындауға;


3. ҚМГ ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесінің құжаттарында көрсетілген ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтауға;

4. ҚМГ ұсынған ақпараттық-есептеу ресурстары мен сервистерін менің Акционер ретіндегі құқықтарым мен міндеттерімді жүзеге асыру шеңберінде ғана пайдалануға;

5. Акционердің құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруыма байланысты емес кез келген ақпаратты (аудио-, бейнефайлдарды, экрандық заставкаларды және басқа да компьютерлік деректерді) сақтамауға, жазбауға, дербес компьютерге көшірмеуге;

6. Құпия ақпараты бар құжаттарды және өзге де қызметтік ақпаратты ҚМГ ресурстарына жатпайтын ресурстарда (Интернет ресурстары, FTP бөгде серверлері, компьютерлер, принтерлер және т.с.с.) басып шығармауға, сканерлемеуге және көшірмеуге;

7. Нәтижесінде ҚМГ, серіктестердің коммерциялық құпиясын құрайтын мәліметтер белгілі бола алатын немесе тиісті құқықтары мен рұқсаттары жоқ


 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПІ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 37-беті</b>

адамдарға белгілі бола алатын жағдайлар, фактілер (болған немесе мүмкін) туралы ҚМГ-ні шұғыл хабардар етуге **міндеттенемін**.

Мен осы Міндеттемені бұзған жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартыла алатыным туралы ескертілдім және оған келісемін.

\_\_\_\_\_ ҚОЛЫ

20\_\_ ж. «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 38-беті</b>

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Акционерлерінің жалпы  
жиналысы туралы ережеге  
2-қосымша

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің  
кезектен тыс/жылдық жалпы жиналысының  
20\_\_ ЖЫЛҒЫ «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_  
шешімінің жобасына қосымша

«\_\_\_\_\_» мәселесі жөніндегі  
**түсіндірме жазба**

Астана қаласы

20\_\_ ЖЫЛҒЫ «\_\_» \_\_\_\_\_

**1. Мақсаты мен міндеті**

*«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының мәселені қарау нәтижесінде қол жеткізілетін түпкілікті нәтиже көрсетіледі.*

**2. Экономикалық тиімділік**


*«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының осы мәселе бойынша шешім қабылдауы нәтижесінде қол жеткізілетін экономикалық тиімділік көрсетіледі:*

- өзіне қатысты шешім қабылданатын субъект (заңды тұлға) үшін және
- жалпы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобы үшін келтірілген нақты мәндермен немесе оларды есептеудің мүмкін болмауын негіздеу.

**3. Мәселенің қысқаша сипаттамасы**

*«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының шығарылатын мәселені Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жарғысына, «Самұрық-Қазына» АҚ құжаттарына, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ішкі құжаттарына (қажет болған жағдайда) сілтеме жасау түрінде қарау негіздері көрсетіледі.*

*Мәселенің қысқаша тарихы, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының ол бойынша шешім қабылдау маңыздылығы мен мәні көрсетіледі. Мәселе бойынша шешім қабылдаудың техникалық, экономикалық және заңдық аспектілері талданады. Қажет болған жағдайда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ органдарының бұрын қабылданған шешімдеріне, хаттарға, өтініштерге, тапсырмаларға, бөгде ұйымдар мен мемлекеттік органдардың хаттамаларына және т.б. сілтемелер жасалады.*

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 39-беті</b>

Жоғарыда баяндалғанның негізінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысына \_\_\_\_\_ туралы шешім қабылдау ұсынылады  
*(«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне сәйкес қабылдануы тиіс шешім көрсетіледі)*

#### **4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі**

*Ұсынылған шешім мен құжаттар (болған жағдайда) Қазақстан Республикасының заңнамасына және басқа да қолданылатын құқыққа (болған жағдайда) сәйкес келетіні және құқықтық тәуекелдерді көтермейтіні туралы мәлімдеме жасалады, сондай-ақ тәуелсіз консультанттың тиісті қорытындысы/пікірі (болған жағдайда) қоса беріледі.*

#### **ҰСЫНЫЛАТЫН ТҰЖЫРЫМДАМА**

*«Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылады, қаралып отырған мәселе оған сәйкес келеді.»*

#### **5. Негізгі проблемалар, тәуекелдер, шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайдағы ықтимал салдар**

*Ұсынылатын шешім қабылданған және қабылданбаған жағдайда туындайтын болжамды тәуекелдер, көрсетілген тәуекелдердің салдары, көрсетілген тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар көрсетіледі.*

*(МЫСАЛ: Шығарылған мәселе бойынша шешім қабылдау тәуекелдерге әкелмейді (тәуекелдер болмаған жағдайда)/тәуекелге әкеп соғады (ықтимал тәуекелдерді және оларды барынша азайту жөніндегі шараларды көрсету қажет).*


*Шығарылған мәселе бойынша шешім қабылданбаған жағдайда тәуекел туындайды (тәуекелдер аталады және ықтимал салдар бағаланады)/тәуекелдер жоқ (тәуекелдер болмаған жағдайда).*

*Егер мәселенің бастамашысы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы болса, тәуекелдер туралы ақпарат тәуекелдер туралы ақпараттың толықтығы мен дұрыстығы бөлігінде құзыретіне тәуекелдерді басқару мәселелері кіретін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның құрылымдық бөлімшесімен келісілуі тиіс.*

**Лауазымы**

**(қолы)**

**Аты-жөні**

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 40-беті</b>

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Акционерлерінің жалпы  
жиналысы туралы ережеге  
3-қосымша

**Жоба**

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі**

**«\_\_\_\_\_» туралы мәселе бойынша**

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының \_\_\_) тармақшасына, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Акционерлерінің 2023 жылғы 30 мамырдағы жылдық жалпы жиналысының шешімімен (№2/2023 хаттама, №5 мәселе) бекітілген, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Акционерлерінің 20\_\_\_ жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_ жалпы жиналысының (№\_\_\_ хаттама, №\_\_\_ мәселе), 20\_\_\_ жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_ (№\_\_\_ хаттама, №\_\_\_ мәселе) шешімдерімен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Жарғысының 12-бабы 98-тармағының \_\_\_) тармақшасына, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Акционерлерінің 20\_\_\_ жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_ шешімімен (№\_\_\_ хаттама, №\_\_\_ мәселе) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереженің \_\_\_ - тарауының \_\_\_) тармақшасына,..... сәйкес,

*(мәселені қарау үшін негізді қарастыратын тиісті нормаларға сілтемелердің толық тізімі берілген) )*

ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы былай деп

**ШЕШТІ:**

1. Шешімді тұжырымдау.
2. Шешімді тұжырымдау.

.....



**ҚазМұнайГаз**  
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы  
туралы ереже**

**ИБЖ ережесі**


**ҚМГ-ПІ-4209.1-19**

**60 беттің 41-беті**

**Лауазымы**

*(қолы)*

**Аты-жөні**

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 42-беті</b>

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Акционерлерінің жалпы  
жиналысы туралы ережеге  
4-қосымша

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жылдық/кезектен тыс жалпы  
жиналысын өткізу туралы  
ХАБАРЛАМА**

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – **Қоғам** немесе «ҚазМұнайГаз» ҰК" АҚ), Қоғам Басқармасының орналасқан жері: \_\_\_\_\_, осымен өз акционерлерін ірі акционердің (тұлғасы \_\_\_\_\_)/Қоғамның Директорлар кеңесінің бастамасы бойынша (20\_\_\_\_ жылғы «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ №\_\_\_\_\_ хаттама, №\_\_\_\_\_ мәселе) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жылдық/кезектен тыс жалпы жиналысын бетпе-бет/аралас (бетпе-бет және сырттай)/сырттай дауыс беру арқылы өткізу туралы хабардар етеді (бұдан әрі – **АЖЖЖ/АКЖЖ**).

АЖЖЖ/АКЖЖ өткізілген күні: 20\_\_\_\_ жылғы «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_.

АЖЖЖ/АКЖЖ өткізу уақыты: \_\_\_\_\_ сағат \_\_\_\_\_ минут (Астана қаласының уақыты бойынша).

АЖЖЖ/АКЖЖ өткізу орны: \_\_\_\_\_.

Ұсынылған АЖЖЖ/АКЖЖ күн тәртібі:


1. \_\_\_\_\_.
2. \_\_\_\_\_.
3. \_\_\_\_\_.
- ... \_\_\_\_\_.

АЖЖЖ/АКЖЖ күн тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіппен өзгертілуі және (немесе) толықтырылуы мүмкін. *(Акционерлердің жалпы жиналысы бетпе-бет өткізілген жағдайда)*

*немесе*

Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіппен аралас (бетпе-бет және сырттай)/сырттай дауыс беру арқылы АЖЖЖ/АКЖЖ өткізуге байланысты АЖЖЖ/АКЖЖ күн тәртібі өзгертілмейді және (немесе) толықтырылмайды.

АЖЖЖ/АКЖЖ-ға қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар Акционерлердің тізімін «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» акционерлік қоғамы 20\_\_\_\_ жылғы «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 00 сағат 00 минут (Астана қаласының уақыты бойынша) жағдай бойынша Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдері жүйесінің деректері негізінде жасайды.

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	<b>60 беттің 43-беті</b>
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	

Кворум болмаған жағдайда, жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша және жоғарыда көрсетілген күн тәртібінің шеңберінде 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ сағат \_\_\_\_ минутта (Астана қаласының уақыты бойынша) қайта өткізілетін АЖЖЖ/АКЖЖ өткізіледі.

АЖЖЖ/АКЖЖ күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар дайын болады және Акционерлердің танысуы үшін АЖЖЖ/АКЖЖ өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмей (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес), \_\_\_\_\_ мекенжайы бойынша Қоғам ғимаратында, жұмыс күндері \_\_\_\_-ден \_\_\_\_\_-ға дейін (Астана қаласының уақыты бойынша) қолжетімді болады.

Сондай-ақ, АЖЖЖ/АКЖЖ күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар құпия ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етуді ескере отырып, Қоғамның корпоративтік веб-сайтында орналастырылады.

Қоғам акционерінің сұратымы болған жағдайда, АЖЖЖ/АКЖЖ күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар осындай Акционерге сұратымды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жіберіледі, бұл ретте құжаттардың көшірмелерін дайындау және құжаттарды жеткізу бойынша шығыстарды осындай Акционер көтереді.

Акционерлердің сұратымдары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғамның орналасқан жері бойынша қабылданады.

Материалдар бойынша, сондай-ақ АЖЖЖ/АКЖЖ өткізу бойынша мәселелерге жауаптарды жұмыс күндері Астана қаласының уақыты бойынша \_\_\_\_\_-дан \_\_\_\_\_-ға дейін мына телефондар арқылы:

\_\_\_\_\_;  
 \_\_\_\_\_;

немесе Қоғамның атына жазбаша сұратым жіберу арқылы алуға болады.

Өзге мәселелер бойынша Акционерлер Қоғамның корпоративтік веб-сайтының «Байланыстар» бөлімінде көрсетілген байланыс ақпаратына сәйкес Қоғаммен байланыса алады, оның ішінде:


инвесторлармен өзара іс-қимылға байланысты мәселелер бойынша:  
 \_\_\_\_\_;

бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша:  
 \_\_\_\_\_.

### ***АЖЖЖ/АКЖЖ өткізу тәртібі***

Қоғамның Акционерлерін (Акционерлердің өкілдерін) АЖЖЖ/АКЖЖ-ге қатысу үшін тіркеу 2025 жылдың «\_\_» \_\_\_\_\_ (өзгерту жағдайында – «\_\_» \_\_\_\_\_) сағат \_\_\_\_\_-нан (Астана қаласының уақыты бойынша) \_\_\_\_ сағат \_\_\_\_\_-ға дейін жүргізіледі.

АЖЖЖ/АКЖЖ-ға қатысуды тіркеу үшін өзіңізбен бірге жеке басын куәландыратын құжат, дауыс беру құқығымен АЖЖЖ/АКЖЖ-ға қатысуға

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 44-беті</b>

сенімхат (сенім білдірілген адамдар), сондай-ақ акцияларға иелік ету құқығын растайтын құжат, атап айтқанда, жеке шоттан үзінді көшірме болуы тиіс.

Егер Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар Акционерлердің тізімі жасалғаннан кейін осы тізімге енгізілген тұлға Қоғамның өзіне тиесілі дауыс беретін акцияларын иеліктен шығарса, АЖЖЖ/АКЖЖ-ге қатысу құқығы Қоғамның жаңа Акционеріне өтеді.

АЖЖЖ/АКЖЖ Қоғамның офисінде Акционерлердің немесе олардың өкілдерінің, кейбір қызметкерлердің, Қоғам Басқармасының және Директорлар кеңесінің барлық немесе кейбір мүшелерінің қатысуымен өткізіледі.

АЖЖЖ/АКЖЖ күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдау Қоғам Акционерлерінің Қоғамды басқаруға қатысу құқықтарын кедергісіз жүзеге асыруы мақсатында аралас (бетпе-бет және сырттай) дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. *(осы абзац Акционерлердің жалпы жиналысы аралас дауыс беру нысанында өткізілген жағдайда хабарламаға енгізіледі)*

Акционерлер АЖЖЖ/АКЖЖ күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешім қабылдағаннан кейін, АЖЖЖ/АКЖЖ қорытындылары шығарылады, олар кейін белгіленген тәртіппен жарияланады.

АЖЖЖ/АКЖЖ-да қазақ/орыс/ағылшын тілдерінде ілеспе аударма алу үшін Қоғам Акционерінің (Акционер өкілінің) өзімен бірге Zoom қосымшасы бар смартфон мен құлаққаптары болуы тиіс.

АЖЖЖ/АКЖЖ «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ Заңының 35-52-баптарына сәйкес өткізіледі. *(осы абзац Акционерлердің жалпы жиналысы бетпе-бет дауыс беру нысанында өткізілген жағдайда хабарламаға енгізіледі)*

### **Сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі**

*(Акционерлердің жалпы жиналысы аралас/сырттай дауыс беру нысанында өткізілген жағдайда хабарламаға енгізіледі)*


1. Алдағы АЖЖЖ/АКЖЖ туралы хабарландыру, сондай-ақ Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень Қоғамның корпоративтік веб-сайтында ([www.kmg.kz](http://www.kmg.kz)) және қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) қолжетімді.

2. Сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу үшін Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсыну басталатын күн – 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_.

3. Осы Хабарламаның Сырттай дауыс беруді өткізу тәртібінің 18-тармағында сипатталған жағдайда сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу үшін бюллетеньдерді ұсыну басталатын күн – 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_.

4. Сырттай дауыс беру нәтижелерін санау үшін бюллетеньдерді беру аяқталған күн – 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ сағат \_\_\_\_ минутқа дейін (Астана қаласының уақыты бойынша).

5. Сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу күні – 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ сағат \_\_\_\_ минутқа дейін (Астана қаласының уақыты бойынша).

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 45-беті</b>

6. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньнің түпнұсқасы пошта арқылы жіберіледі немесе қолма-қол беріледі және Қоғамның кеңсесіне мына мекенжай бойынша келіп түседі: \_\_\_\_\_, 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ сағат \_\_ минутқа дейін (Астана қаласының уақыты бойынша).

7. Осы Хабарламаның Сырттай дауыс беруді өткізу тәртібінің 18-тармағында сипатталған жағдайда, Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньнің түпнұсқасы 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ сағат \_\_ минутқа дейін (Астана қаласының уақыты бойынша) \_\_\_\_\_ мекенжайы бойынша АЖЖЖ/АКЖЖ Есеп комиссиясына ұсынылады. *(осы тармақ Акционерлердің жалпы жиналысы аралас дауыс беру нысанында өткізілген жағдайда хабарламаға енгізіледі)*

8. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге Акционер қол қойған жағдайда:

1) осы бюллетеньді пошта арқылы Қоғамның кеңсесіне жіберген кезде немесе осы бюллетеньді тікелей үшінші тұлға арқылы мемлекеттік ақпаратты құқықты белгілеуші комиссиясына/мемлекеттік ақпаратты құқықты белгілеуші комиссиясына ұсынған кезде – осы бюллетеньмен бірге: Акционердің жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

2) Акционер осы бюллетеньді тікелей АЖЖЖ/АКЖЖ Есеп комиссиясына ұсынған кезде – осы бюллетеньмен бірге Акционердің жеке басын куәландыратын құжат және акцияларға иелік ету құқығын растайтын құжат, атап айтқанда – жеке шоттан үзінді көшірме ұсынылуы тиіс.


9. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге Акционер-заңды тұлғаның басшысы қол қойған жағдайда:

1) осы бюллетеньді пошта арқылы Қоғамның кеңсесіне жіберген кезде немесе осы бюллетеньді тікелей Үшінші тұлға арқылы АЖЖЖ/АКЖЖ Есеп комиссиясына ұсынған кезде – осы бюллетеньмен бірге мыналар ұсынылуы тиіс: Акционер-заңды тұлғаның бірінші басшысы лауазымына сайлау немесе тағайындау туралы құжаттың (құжаттардың) осы заңды тұлғаның мөрімен расталған көшірмесі (көшірмелері); осы заңды тұлғаның бірінші басшысының жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі акцияларды иелену құқығын растайтын құжат, атап айтқанда – жеке шоттан үзінді көшірме;

2) осы бюллетеньді осы бюллетеньге қол қойған тұлға тікелей АЖЖЖ/АКЖЖ Есеп комиссиясына ұсынған кезде – осы бюллетеньмен бірге бюллетеньге қол қойған адамның жеке басын куәландыратын құжат ұсынылуы тиіс, сондай-ақ: осы заңды тұлғаның мөрімен расталған Акционер-заңды тұлғаның бірінші басшысы лауазымына сайлау немесе тағайындау туралы құжаттың көшірмесі (көшірмелері); акцияларды иелену құқығын растайтын құжат, атап айтқанда – жеке шоттан үзінді көшірме ұсынылуы тиіс.

10. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге Акционер-заңды тұлғаның өкілі қол қойған жағдайда:

1) осы бюллетеньді пошта арқылы Қоғамның кеңсесіне жіберген кезде немесе оны үшінші тұлға арқылы АЖЖЖ/АКЖЖ-ның Есеп комиссиясына тікелей тапсырған кезде, бюллетеньмен бірге мына құжаттар: заңды тұлғаның мөрімен

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 46-беті</b>

куәландырылған сенімхаттың көшірмесі немесе акционерлердің жалпы жиналысына қатысу мен дауыс беруге өкілеттікті растайтын басқа құжат, немесе болмаса егер сенімхат нақты бір акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін берілген болса, сенімхаттың түпнұсқасы; бюллетеньге қол қойған адамның жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі; акцияларды иелену құқығын растайтын құжат, атап айтқанда жеке шоттан үзінді көшірме ұсынылуы тиіс;

2) осы бюллетеньге қол қойған тұлға осы бюллетеньді тікелей АЖЖЖ/АКЖЖ Есеп комиссиясына ұсынған кезде – осы бюллетеньмен бірге: бюллетеньге қол қойған адамның жеке басын куәландыратын құжат; сенімхат немесе Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өкілеттіктерін растайтын өзге де құжат (егер сенімхат Акционерлердің белгілі бір жалпы жиналысына қатысу үшін берілген болса, ол Есеп комиссиясында қалады), сондай-ақ Есеп комиссиясына акцияларға иелік ету құқығын растайтын құжат, атап айтқанда – жеке шоттан үзінді көшірме ұсынылуы тиіс.


11. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге Акционердің өкілі қол қойған жағдайда:

1) Осы бюллетеньді пошта арқылы Қоғамның кеңсесіне жіберген кезде немесе оны тікелей үшінші тұлға арқылы АЖЖЖ/АКЖЖ Есеп комиссиясына тапсырған кезде, бюллетеньмен бірге мына құжаттар: акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру өкілеттігін растайтын сенімхаттың немесе өзге құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі немесе болмаса сенімхаттың түпнұсқасы (егер ол нақты бір жалпы жиналысқа қатысу үшін берілген болса); бюллетеньге қол қойған тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі; акцияларды иелену құқығын растайтын құжат, атап айтқанда, жеке шоттан үзінді көшірме ұсынылуы тиіс.

2) осы бюллетеньге қол қойған тұлға осы бюллетеньді тікелей АЖЖЖ/АКЖЖ Есеп комиссиясына ұсынған кезде – осы бюллетеньмен бірге: бюллетеньге қол қойған адамның жеке басын куәландыратын құжат; сенімхат немесе Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өкілеттіктерін растайтын өзге де құжат (егер сенімхат Акционерлердің белгілі бір жалпы жиналысына қатысу үшін берілсе, ол Есеп комиссиясында қалады), сондай-ақ Есеп комиссиясына акцияларға иелік ету құқығын растайтын құжат, атап айтқанда – жеке шоттан үзінді көшірме ұсынылуы тиіс.

12. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді жіберу арқылы дауыс беретін Акционер (Акционердің өкілі) онда акциялар иесінің тегін, атын, әкесінің атын/заңды тұлғаның атауын, дауыс беретін акциялардың санын көрсетуі және күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру нұсқаларының біреуін ғана таңдауы тиіс.

13. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге Акционер-жеке тұлға (Акционер-жеке тұлғаның өкілі) оның жеке басын куәландыратын құжат (жеке куәліктің/төлқұжаттың нөмірі, берілген күні, құжатты берген орган және жеке

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы          туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПІ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 47-беті</b>

сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) болған кезде) туралы мәліметтерді көрсете отырып қол қоюы тиіс.

14. Заңды тұлға-Акционердің сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне оның басшысы (заңды тұлға-Акционердің өкілі) қол қоюы тиіс.


15. Акционер-жеке тұлғаның немесе Акционер-заңды тұлғаның басшысының немесе Акционер-заңды тұлғаның өкілінің қолы қойылмаған Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень жарамсыз деп танылады.

16. Дауыстарды санау кезінде Акционер (Акционердің өкілі) Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің ықтимал нұсқаларының тек біреуі ғана белгіленген мәселелер бойынша дауыстар есепке алынады.

17. Егер бұрын Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді жіберген Акционер (Акционердің өкілі) АЖЖЖ/АКЖЖ-ға қатысуға және дауыс беруге келсе, оның бұрын жіберген сырттай дауыс беруге арналған бюллетені АЖЖЖ/АКЖЖ-ның кворумын айқындау және АЖЖЖ/АКЖЖ-ның күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстарды санау кезінде есепке алынбайды.

18. АЖЖЖ/АКЖЖ «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ Заңының 35-52-баптарына сәйкес жүргізіледі.

---

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 48-беті</b>

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Акционерлерінің жалпы  
жиналысы туралы ережеге  
5-қосымша

## «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Есеп комиссиясының регламенті

### 1. Жалпы ережелер

1. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Есеп комиссиясының осы регламенті (бұдан әрі – **Регламент**) Заңға, Жарғыға, Ережеге сәйкес жасалды және Есеп комиссиясының қызмет тәртібін белгілейді.

Қоғам Тіркеушісінің Есеп комиссиясының функцияларын жүзеге асыруы туралы шешім қабылданған жағдайда, осы Регламент Есеп комиссиясының функцияларын орындауға қатысты Қоғам Тіркеушісіне қолданылады, ал Қоғамның Қоғам Тіркеушісімен шартының талаптарында Қоғам Тіркеушісін Есеп комиссиясының функцияларын орындауға тарту тәртібі, Есеп комиссиясының функцияларын орындау бойынша Қоғам Тіркеушісінің қызметтеріне ақы төлеу мөлшері және Есеп комиссиясының функцияларын орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін Қоғам Тіркеушісінің жауапкершілігі қамтылуы тиіс.

2. Осы Регламентте «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережеде белгіленген терминдер мен айқындамалар қолданылады.

### 2. Есеп комиссиясының міндеті мен функциялары

3. Есеп комиссиясының негізгі міндеті Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар барлық адамдардың қатысуына тең мүмкіндік беру және Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығарылатын мәселелер бойынша оған қатысушылардың еркін дұрыс білдіру болып табылады.


4. Есеп комиссиясы Ереженің 74-тармағында көрсетілген функциялардан басқа мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Заңда көзделген жағдайларда, өздеріне тиесілі Қоғам акцияларын сатып алуды талап етуге құқығы бар Акционерлердің тізімін жасайды;

2) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар адамдардың тізіміне енгізілген тұлғаның атынан Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушының әрекет етуіне негіз болатын сенімхаттардың (өздері беретін құқықтардың) және өзге де құжаттардың есебін жүргізеді;

3) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге қойылған мәселелер бойынша дауыс беру тәртібін түсіндіреді;

4) белгіленген дауыс беру тәртібін және Акционерлердің жалпы жиналысында Акционерлердің дауыс беруге қатысу құқығын қамтамасыз етеді;

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 49-беті</b>

5) дауыс беру сәтінде Акционерлердің жалпы жиналысында Акционердің иелігіндегі Қоғамның дауыс беретін акцияларының санын белгілейді.

### **3. Есеп комиссиясы мен Қоғам тіркеушісін сайлау және олардың өкілеттіктері**

5. Есеп комиссиясы Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында кемінде 3 (үш) және 9 (тоғыз) адамнан аспайтын мөлшерде, Акционерлердің келесі жылдық жалпы жиналысына дейінгі мерзімге Жарғыда, Ережеде және осы Регламентте көзделген тәртіппен және шарттарда сайланады.

6. Басқарманың төрағасы мен мүшелерінен, сондай-ақ Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерінен басқа Қоғамның кез келген қызметкері Есеп комиссиясының мүшесі бола алады.

7. Есеп комиссиясы мүшесінің өкілеттіктері Акционерлердің жалпы жиналысының тиісті шешімі күшіне енген сәттен бастап әрекет етеді.

8. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу шеңберінде өз міндеттерін орындауға Есеп комиссиясының 3 (үш) мүшесінен кем (Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезінде Есеп комиссиясының мүшелері болмаған жағдайда) келген жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен Заңның 43-бабы 4-тармағының 2) тармақшасында белгіленген тәртіппен Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу уақытына Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселе енгізу арқылы Есеп комиссиясының мүшесін (мүшелерін) қосымша сайлауға жол беріледі.


9. Есеп комиссиясының мүшесі кез келген уақытта, бірақ Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілгенге дейін күнтізбелік 45 (қырық бес) күннен кешіктірмей өз өкілеттіктерін өз еркімен тоқтатуға құқылы, бұл туралы Есеп комиссиясының төрағасына жазбаша хабарлайды және өз өкілеттіктерін тоқтату күнін көрсетеді.

10. Акционерлердің жалпы жиналысы кез келген уақытта Есеп комиссиясының жекелеген мүшелерінің немесе бүкіл құрамының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдауға құқылы.

11. Есеп комиссиясының жекелеген мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Есеп комиссиясының қалған мүшелерінің өкілеттігі тоқтатылмайды.

12. Есеп комиссиясы мүшесінің өкілеттіктері Акционерлердің жалпы жиналысының тиісті шешімі күшіне енген сәттен бастап немесе Есеп комиссиясы мүшесінің Есеп комиссиясы төрағасының атына жіберген жазбаша хабарламасында өз өкілеттіктерін тоқтату күні ретінде көрсетілген күннен бастап тоқтатылады.

13. Есеп комиссиясы мүшелерінің саны 3 (үш) адамнан кем болған жағдайда, сондай-ақ Есеп комиссиясының өкілеттіктер мерзімі аяқталған (Акционердің жалпы жиналысын өткізу күні аяқталған) жағдайда, Директорлар кеңесі Есеп комиссиясының жаңа мүшесін/құрамын сайлау немесе Есеп комиссиясының

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПІ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 50-беті</b>

функцияларын Қоғамның Тіркеушісіне жүктеу туралы тиісті мәселені Акционерлердің жақын арадағы жалпы жиналысының қарауына шығарады.

14. Егер Есеп комиссиясы мүшелерінің өкілеттіктер мерзімі аяқталса, ал Акционерлердің жалпы жиналысы Есеп комиссиясының жаңа құрамын сайламаса, Есеп комиссиясының өкілеттіктері Акционерлердің жалпы жиналысы осы Регламентте белгіленген мөлшерде Есеп комиссиясының жаңа құрамын сайлағанға дейін қолданылады.

15. Есеп комиссиясының функцияларын Директорлар кеңесі ұсынған Есеп комиссиясының құрамына кандидаттар, Акционерлердің осындай жалпы жиналысында оларды Есеп комиссиясының құрамына сайлау туралы шешім қабылданған жағдайда, мынадай жағдайларда:

1) егер Есеп комиссиясының өкілеттіктер мерзімі аяқталса, ал Есеп комиссиясының жаңа құрамы сайланбаса;

2) егер Есеп комиссиясы мүшелерінің саны 3-тен (үштен) аз болса, ал Есеп комиссиясының жаңа мүшелері сайланбаса;

3) егер Есеп комиссиясының барлық мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылса, ал Есеп комиссиясының жаңа құрамы сайланбаса, жүзеге асыра алады.

16. Есеп комиссиясының функцияларын жүзеге асыруға Қоғамның Тіркеушісі осы Регламенттің 1-тармағында көрсетілген шарттарды міндетті түрде қамтитын Қоғамның Қоғам Тіркеушісімен жасасқан шарттың негізінде және осы шартта көзделген тәртіппен тартылуы мүмкін.

#### **4. Есеп комиссиясы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері**

17. Есеп комиссиясының мүшелері өз құқықтарын жүзеге асыру және міндеттерін орындау кезінде Акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында әрекет етуге, Акционерлерге және Қоғамға қатысты өз құқықтарын жүзеге асыруға және міндеттерін орындауға адал және ақылға қонымды болуы тиіс.

18. Есеп комиссиясының мүшесі:

1) Қоғамның лауазымды адамдарынан және қызметкерлерінен Акционерлердің жалпы жиналыстарын дайындауды және өткізуді уақытылы қамтамасыз ету үшін қажетті ақпаратты (құжаттар мен материалдарды) талап етуге;


2) Есеп комиссиясының хаттамаларымен танысуға;

3) Есеп комиссиясының мүшесі ретінде өз міндеттерін атқару кезеңінде өзінің негізгі лауазымдық міндеттерін орындаудан босатылуға құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу уақытында Есеп комиссиясы мүшесінің жыл сайынғы еңбек демалысына кетуге жол берілмейді.

19. Есеп комиссиясының мүшесі:

1) Есеп комиссиясының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес өз құқықтары шегінде әрекет етуге;

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	<b>60 беттің 51-беті</b>
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	

- 2) Акционерлердің құқықтарын қамтамасыз етуге қатысты ақылға қонымды, адал, тиісті қамқорлықпен әрекет етуге;
- 3) жекелеген Акционерлердің, лауазымды және өзге де тұлғалардың емес, тұтастай Қоғамның мүддесінде әрекет етуге;
- 4) өзіне белгілі болған Құпия ақпаратты жария етпеуге;
- 5) Есеп комиссиясының шешуін талап ететін мәселелер туралы Есеп комиссиясына уақытылы хабарлауға;
- 6) Есеп комиссиясының Төрағасы мен мүшелеріне Қазақстан Республикасының құқықтық актілерін, Жарғыны, Ережені, осы Регламентті және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарын Акционерлердің құқықтары мен мүдделері бөлігінде бұзудың өзіне белгілі болған фактілерін хабарлауға;
- 7) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушылардың сұрақтарына жауап беруге міндетті.

## **5. Есеп комиссиясының төрағасы және хатшысы**

20. Қоғамның корпоративтік хатшысы Есеп комиссиясының төрағасы болып сайланады.

21. Есеп комиссиясының төрағасы:

- 1) Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы болып сайлану үшін ұсынылады;
- 2) Есеп комиссиясының жұмысын ұйымдастырады;
- 3) Есеп комиссиясы мүшелерінің келуін қамтамасыз етеді;
- 4) Акционерлердің, Қоғамның органдары мен лауазымды адамдарының алдында Есеп комиссиясын ұсынады;
- 5) осы Регламентте көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.


22. Есеп комиссиясының төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Есеп комиссиясының төрағасы белгілеген Есеп комиссиясының мүшесі – Қоғамның Корпоративтік хатшы қызметінің қызметкерлерінің бірі жүзеге асырады.

Есеп комиссиясының төрағасы болмаған кезде оның функцияларын жүзеге асыратын адам Есеп комиссиясының төрағасы үшін осы Регламентте және Ережеде көзделген кез келген өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

23. Есеп комиссиясының хатшысын Есеп комиссиясының төрағасы Есеп комиссиясының мүшелері арасынан белгілейді.

24. Есеп комиссиясының хатшысы:

- 1) Есеп комиссиясының мүшелеріне олардың өз функцияларын жүзеге асыруы үшін қажетті құжаттарды жібереді/беріп отырады;
- 2) Есеп комиссиясының мүшелерін Акционерлердің жалпы жиналыстарын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар туралы алдын ала хабардар етеді;
- 3) Есеп комиссиясының мүшелерін Акционерлердің жалпы жиналыстарын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шараларды өткізу орны мен уақыты туралы хабардар етеді;

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 52-беті</b>

4) Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманың жасалуын қамтамасыз етеді;

5) Есеп комиссиясы төрағасының (оның міндеттерін атқаратын адамның) нұсқауы бойынша Есеп комиссиясының қызметін ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асырады.

## **6. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу**

25. Акционерлердің жалпы жиналысына дайындық кезінде Есеп комиссиясы:

1) Акционерлердің жалпы жиналысы кворумының болуын/болмауын анықтайды (шешімдер қабылдау үшін қажетті дауыс санының болуы/болмауы);

2) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу кезінде оларға дауыс беруге арналған бюллетеньдерді береді, оның ішінде қажет болған жағдайда Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень Қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында немесе Қоғамның корпоративтік веб-сайтында орналастырылғаны туралы Акционерді (Акционердің өкілін) хабардар етеді;

3) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу кезінде Акционерге (Акционердің өкіліне) Акционерлердің жалпы жиналысына дайындық кезінде ұсынылатын Акционерлердің жалпы жиналысының ақпаратын (материалдарын) ұсынады, оның ішінде қажет болған жағдайда Акционерді (Акционердің өкілін) Акционерлердің жалпы жиналысына дайындық кезінде ұсынылатын Акционерлердің жалпы жиналысының ақпараты (материалдары) Қоғамның корпоративтік веб-сайтында орналастырылғаны туралы хабардар етеді.

26. Есеп комиссиясы Акционерлердің жалпы жиналысына келген және бетпестет, оның ішінде аралас дауыс беру нысанында өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға дайын (ықылас білдіретін) адамдардың өкілеттіктерін тексереді, сәйкестендіреді және тіркейді. Бұл ретте, Есеп комиссиясы ұсынылған құжаттардың көшірмелерін жасайды және мұндай көшірмелерге «Түпнұсқамен салыстырылды» деген белгі қояды.


27. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу кезінде Есеп комиссиясы тиісті журналды жүргізеді (толтырады), онда оның ішінде:

1) жеке басын куәландыратын құжаттардың, сенімхаттардың және Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушының Акционер атынан әрекет ету құқығын растайтын өзге де құжаттардың деректемелері;

2) құжаттардан жасалған көшірмелердің түпнұсқалармен салыстырылғаны туралы мәліметтер көрсетіледі.

Есеп комиссиясы өз бастамасы бойынша басқа да тіркеу нысандары мен журналдарын жүргізе алады.

28. Есеп комиссиясы Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыға Дауыс беруге арналған бюллетеньдерді және Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларға таратылуға жататын өзге де материалдарды материалдар мен дауыс беруге арналған бюллетеньдерді беру журналына қол қойғызып береді.

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 53-беті</b>

## **7. Бетпе-бет (аралас дауыс беру арқылы) өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруді қамтамасыз ету**

29. Есеп комиссиясы Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар адамдардың тізіміне енгізілген Акционерлердің дауыс беруге қатысу мүмкіндігін, оның ішінде Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді алу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.


30. Аралас дауыс беру нысанында өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға келген Акционерлердің (Акционерлердің өкілдерінің) саны отыратын орындар санынан асып кетуіне байланысты Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу үшін бөлінген үй-жайға орналаса алмаған жағдайда, оның жеке басын куәландыратын құжатты және Акцияларға иелік ету құқығын растайтын құжатты (жеке шоттан үзінді көшірмені) көрсеткеннен кейін, ал егер тұлға сенімхат бойынша дауыс беретін болса – оның Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өкілеттіктерін растайтын сенімхаттың түпнұсқасын көрсеткеннен кейін (оның ішінде, егер мұндай сенімхат Акционерлердің нақты жалпы жиналысына қатысу үшін берілген болса), Есеп комиссиясы тіркеу кезінде Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень береді.

31. Белгіленген тәртіппен толтырылған Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньнің түпнұсқасын Акционер (Акционердің өкілі) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада көрсетілген Акционерлердің жалпы жиналысы басталатын уақытқа дейін Есеп комиссиясына ұсынуы тиіс.

32. Егер дауыс беруші Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді толтыру кезінде қате жібердім деп есептесе, ол Есеп комиссиясына бұзылған бюллетеньнің орнына сырттай дауыс беруге арналған жаңа бюллетень беру туралы өтініш жасауға құқылы. Есеп комиссиясы дауыс берушіге жаңа бюллетень береді Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень, бұл ретте сырттай дауыс беруге арналған материалдар мен бюллетеньдерді беру журналына осы адамның тегінің тұсына тиісті белгі қояды.

33. Аралас дауыс беру нысанында өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға келген Акционерлердің (Акционерлердің өкілдерінің) саны отыратын орындар санынан асып кетуіне байланысты Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу үшін бөлінген үй-жайға орналаса алмаған жағдайда, Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді алудан бас тартуға құқылы, бұл туралы Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу журналына Есеп комиссиясы тиісті белгі қояды.

## **8. Дауыс беру қорытындыларын шығару**

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 54-беті</b>

34. Дауыстарды санауды Есеп комиссиясы Ереженің 15-тарауына (Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беру арқылы дауыс беру) және Ереженің 16-тарауына сәйкес жүргізеді (бетпе-бет тәртіппен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру).

35. Дауыстарды санау үшін Есеп комиссиясы техникалық құралдарды пайдалануға құқылы.

36. Жасырын бетпе-бет, Кумулятивтік, аралас немесе сырттай дауыс беру нысанында өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде Есеп комиссиясы бір мезгілде жарамсыз дауыс беруге арналған бюллетеньдерді бөліп ала отырып, дауыс беруге арналған бюллетеньдерді:

1) Директорлар кеңесінің құрамы сайланған жағдайда – Директорлар кеңесінің әрбір кандидатурасын жақтап берілген дауыстар бойынша;

2) дауыс беруге қойылған басқа мәселелер бойынша – дауыс беруге арналған бюллетеньде қамтылған «қолдаймын», «қарсымын» және «қалыс қалдым» деген нұсқаларды қолдап берілген дауыстар бойынша сұрыптайды.

37. Жарамсыз дауыс беруге арналған бюллетеньдер бөлек саналады және қорытындыланады, мұндай дауыс беруге арналған бюллетеньнің сырт жағында оның жарамсыз болу себептері көрсетіледі. Бұл жазба Есеп комиссиясының кемінде 3 (үш) мүшесінің қолдарымен расталады.

38. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары туралы хаттамада:

1) Қоғамның толық атауы және Қоғам Басқармасының орналасқан жері;  
2) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты және орны;  
3) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу нысаны;  
4) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;

5) Есеп комиссиясының құрамы;

6) Акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған Қоғамның дауыс беретін акцияларының саны туралы мәліметтер;


7) Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы (Тіркеу кезіндегі кворум);

8) Акционерлерден (Акционерлердің өкілдерінен) келіп түскен, оның ішінде Есеп комиссиясы жарамсыз деп таныған дауыс беруге арналған бюллетеньдер туралы мәліметтер;

9) дауыс беруге қойылған Акционерлердің жалпы жиналысының рәсімдік мәселелері мен күн тәртібіндегі мәселелердің әрқайсысы бойынша дауыс беруге қатысқан Акционерлердің дауыстарының санын қоса алғанда, дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

10) Акционерлердің жалпы жиналысында рәсімдік мәселелер және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауысқа қойылған шешімдердің тұжырымдамасы;

11) Акционерлердің жалпы жиналысында рәсімдік мәселелер мен күн тәртібіндегі мәселелердің әрқайсысы бойынша кворум (Тіркеу кезіндегі кворум) және дауыс беру тәртібі көрсетіледі.


 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 55-беті</b>

39. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары туралы хаттамаға қол қою кезінде оның мазмұнымен келіспеген Есеп комиссиясының мүшелері осы хаттамаға ерекше пікірді қоса беруге құқылы, бұл туралы осы хаттамада тиісті жазба жасалады.

## 9. Өзгелері

40. Есеп комиссиясына келіп түскен ауызша арыздар мен шағымдарды тіркеу кезінде оларға келіп түскен уақыты көрсетіледі және хабарламаны қабылдаған Есеп комиссиясы мүшесінің, өтінішті берген адамның қолы қойылады.

41. Қоғамның корпоративтік хатшысы Қоғам Басқармасының орналасқан жері бойынша Акционерлердің жалпы жиналысы құжаттарының, атап айтқанда: Акционерлердің жалпы жиналыстарының хаттамалары мен материалдарының есебін жүргізуді және түпнұсқаларын сақтауды, тиісті құпиялылық режимін қамтамасыз ете отырып, құжаттарды белгіленген тәртіппен Қоғамның мұрағатына уақытылы дайындауды және беруді қамтамасыз етеді.

 <b>ҚазМұнайГаз</b> NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПІ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 56-беті</b>

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Акционерлерінің жалпы  
жиналысы туралы ережеге  
6-қосымша

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысын бетпе-бет  
немесе аралас дауыс беру арқылы өткізу  
РЕГЛАМЕНТІ**

**1. Жалпы ережелер**

1. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу регламенті Акционерлердің жалпы жиналысын ұйымдастыру және өткізу тәртібін, сөз сөйлеу, талқылау, дауыс беру тәртібін, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушылардың тәртібі мен тиісті іс-қимылдарын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды белгілейді.

2. Осы Регламентте «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережеде белгіленген терминдер мен айқындамалар қолданылады.

3. Акционерлердің жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес өткізіледі.


4. Осы Регламенттің ережелері Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын барлық тұлғалардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

**2. Акционерлердің жалпы жиналысын ашу**

5. Акционерлердің жалпы жиналысын Есеп комиссиясының төрағасы (оның міндеттерін атқаратын адам) ашады, ол:

1) Акционерлердің жалпы жиналысында мәселелерді қараудың бекітілген тәртібін және сөз сөйлеудің уақытша параметрлерін жариялайды;

2) Акционерлердің жалпы жиналысында Акционерлердің құқықтарын іске асыру мәселелерін түсіндіреді;

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПІ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 57-беті</b>

- 3) Акционерлердің жалпы жиналысының мәселелері бойынша дауыс беру нысанын (ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) айқындауды ұсынады;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын (төралқасын) сайлауды ұсынады.

### 3. Мәселелерді қарау тәртібі

6. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелерді қарауды бастамас бұрын:

- 1) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру нысаны айқындалады (ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша));

- 2) Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) сайланады;

- 3) Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы сайланады;

- 4) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі бекітіледі.

7. Акционерлердің жалпы жиналысында рәсімдік мәселелер және күн тәртібіндегі мәселелер дәйектілікпен қаралады.

8. Акционерлердің жалпы жиналысында мәселелерді (рәсімдік мәселелерді және күн тәртібіндегі мәселелерді) қарау кезектілігі мынадай:

- 1) Есеп комиссиясының төрағасы (Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) сайланғанға дейін)/Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) қарауды талап ететін мәселені хабарлайды;

- 2) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушылар айтылған мәселені талқылайды;

- 3) талқылау аяқталғаннан кейін мәселе дауысқа салынады;

- 4) Есеп комиссиясы қаралған мәселе бойынша дауыс беру қорытындыларын шығарады.


9. Акционерлердің жалпы жиналысында рәсімдік мәселелер баяндамашының сөз сөйлеуінсіз қаралады.

10. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша баяндамашы 5 (бес) – 10 (он) минутқа дейінгі ұзақтықта баяндама жасайды.

11. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларға мәселе бойынша 3 (үш) минутқа дейін сөз сөйлеу құқығы беріледі.

12. Акционерлердің жалпы жиналысында әрбір мәселе бойынша жарыссөзге 10 (он) минуттан аспайтын уақыт бөлінеді. Есеп комиссиясының төрағасы (Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) сайланғанға дейін)/Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) қаралатын мәселе бойынша жарыссөздерді тоқтату туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы.

13. Акционерлердің жалпы жиналысында әрбір мәселе бойынша талқылау аяқталғаннан кейін Есеп комиссиясының төрағасы (Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) сайланғанға дейін)/Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) дауыс берудің басталғанын жариялайды.

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 58-беті</b>

Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) қаралып отырған мәселе бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы.

14. Акционерлердің жалпы жиналысы өз жұмысындағы үзіліс туралы, бірақ 20 (жиырма) минуттан аспайтын үзіліс туралы шешім қабылдауға құқылы.

15. Акционерлердің жалпы жиналысы жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жекелеген мәселелерді қарауды Акционерлердің осы жалпы жиналысы басталған уақытта және ол басталған жердегі келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

#### **4. Сөз сөйлеу тәртібі**

16. Акционерлердің жалпы жиналысында сөз сөйлеу мүмкіндігі Есеп комиссиясы төрағасының (Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) сайланғанға дейін)/Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) рұқсатымен беріледі.

17. Акционерлердің жалпы жиналысында сөз сөйлеуші бұрыс, расталмаған немесе көрінеу жалған мәліметтер таратуға жол бермей, тақырыпты ұстануға міндетті.

18. Акционерлердің жалпы жиналысының өзге қатысушыларының Акционерлердің жалпы жиналысында сөз сөйлеуіне араласуға тыйым салынады.


#### **5. Тәртіпті қамтамасыз ету бойынша шектеулер мен шаралар**

19. Акционерлердің жалпы жиналысы барысында:

- 1) әдепсіз, қорлайтын немесе ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлайтын сөздерді қолдануға;
- 2) қоқан-лоқыға, арандатушылыққа, кемсітушілік сөздерге;
- 3) агрессивті және өзге де құқыққа қарсы мінез-құлыққа;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысының баяндамашысының немесе басқа да қатысушыларының сөзін бөлуге;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысын қалыпты өткізуге кедергі келтіретін әрекеттерге тыйым салынады.

20. Көрсетілген тәртіп бұзылған жағдайда Есеп комиссиясының төрағасы (Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) сайланғанға дейін)/Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы):

- 1) ескерту жариялауға;
- 2) бұзушының сөз сөйлеуін тоқтатуға;
- 3) келесі сөз сөйлеу құқығын шектеуге;
- 4) тәртіп бұзушыны Акционерлердің жалпы жиналысы өтетін жерден шығарып жіберу туралы бастама көтеруге құқылы.

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 59-беті</b>

21. Бұзушылық фактісі және қабылданған шаралар Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілуі тиіс.

22. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушының жиналыс өткізілетін үй-жайдан шығарылуы ол шығарылғанға дейін дауыс беру аяқталған мәселелер бойынша ол берген дауыстардың дұрыстығына әсер етпейді.

## 6. Дауыс беру

23. Рәсімдік мәселелер бойынша және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру (дауыс беру нысаны айқындалған жағдайда – ашық) мынадай түрде өткізіледі:

қатысушылар дауыс беру құқығы бар Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушылар – Акционерлер (Акционерлердің өкілдері) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу журналы бойынша реттік нөміріне сәйкес келетін сәйкестендіру нөмірімен (тіркеу кезінде Есеп комиссиясынан алынған) қол көтеру арқылы дауыс береді (өз ерік білдіруін білдіреді).

24. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру (дауыс беру нысаны белгіленген жағдайда – жасырын) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған Акционерлердің (Акционерлердің өкілдерінің) өздері тіркеу кезінде алған, бетпе-бет жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдерді толтыруы арқылы жүзеге асырылады.

25. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау мәселесі бойынша Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған Акционерлердің (Акционерлердің өкілдерінің):

1) олар тіркеу кезінде алған, Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттар көрсетілген кумулятивтік дауыс беру бюллетеньдерін;


2) егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне 2 (екі) және одан да көп кандидат тең дауыс санын жинаған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысы барысында алынған қосымша кумулятивтік дауыс беру бюллетеньдерін толтыру арқылы кумулятивтік дауыс беру өткізіледі;

26. Есеп комиссиясы Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру кезінде дауыстарды санауды жүзеге асырады.

27. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған және дауыс беруге құқығы бар қатысушылардың дауыс беру нәтижелеріне аралас дауыс беру кезінде Есеп комиссиясы Акционерлердің жалпы жиналысы басталғанға дейін белгіленген тәртіппен алынған Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер бойынша дауыс беру нәтижелерін қорытындылайды және әрбір мәселе бойынша дауыс берудің түпкілікті қорытындыларын айқындайды.

28. Дауыс беру нәтижелерін Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселеден кейін Есеп комиссиясының төрағасы (оның міндетін атқарушы адам) жариялайды.

29. Дауыс беру қорытындыларын шығару біраз уақыт алатын жағдайда, Есеп комиссиясы төрағасының (оның міндетін атқаратын адамның) өтінішхаты

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже</b>	
<b>ИБЖ ережесі</b>	<b>ҚМГ-ПЛ-4209.1-19</b>	<b>60 беттің 60-беті</b>

бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің келесі мәселесін қарауға көшуді ұсынуы мүмкін.

Мұндай жағдайда дауыс беру қорытындыларын Акционерлердің жалпы жиналысының соңында немесе олардың дайындығына қарай Есеп комиссиясының төрағасы (оның міндеттерін атқаратын адам) хабарлайды.

## **7. Акционерлердің жалпы жиналысын аяқтау**

30. Күн тәртібіндегі барлық мәселелерді қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау аяқталғаннан кейін Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) Акционерлердің жалпы жиналысын жабық деп жариялайды.

31. Акционерлердің жалпы жиналысының құжаттамасы Жарғыда және Ережеде белгіленген мерзімде ресімделеді.

## **8. Трансляциялауға және аудио-бейнежазбаға тыйым салу**

32. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларға Қоғамның жазбаша рұқсатынсыз Акционерлердің жалпы жиналысының барысын аудио-, фото- және бейнежазбаға түсіруге, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық сервистерді (оның ішінде Zoom, Teams және т.б.) пайдалана отырып трансляциялауды жүзеге асыруға тыйым салынады.

33. Осы тыйым салуды бұзу Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібін елеулі түрде бұзу болып танылады.

## **9. Құпия ақпарат және оны жария ету**

34. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушылар Қазақстан Республикасының Құпия ақпаратты сақтау туралы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ осындай ақпаратпен жұмыс істеу тәртібін белгілейтін Қоғамның ішкі құжаттарын сақтауға міндетті.

35. Акционерлердің жалпы жиналысы барысында алынған құпия ақпаратты тиісті өкілеттіктері жоқ үшінші тұлғаларға жариялауға қатаң тыйым салынады.

## **10. Қатысушылардың жауапкершілігі**

36. Осы Регламенттің бұзылуына жол берген адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

37. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық тәсілдермен сот арқылы қорғауды, оның ішінде жария етуден келтірілген залалдарды өтеуді бастауға құқылы.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Акционерлерінің жылдық жалпы  
жиналысының 2025 жылғы  
«\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_  
шешімінің жобасына қосымша

**«Жаңа редакциядағы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компания» акционерлік  
қоғамы Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережені бекіту  
туралы» мәселе бойынша түсіндірме жазба**

Астана қаласы

2025 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

**1. Мақсаты мен міндеті**

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компания» акционерлік қоғамы (бұдан әрі –**ҚМГ**) Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережені жаңа редакцияда бекіту.

**2. Экономикалық әсер**

Көзделмеген.

**3. Мәселенің қысқаша сипаттамасы**

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы қолданыстағы ереже (бұдан әрі – **АЖЖ туралы ереже**) ҚМГ-ның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның 2022 жылғы 2 желтоқсандағы шешімімен бекітілді («Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы Басқармасының отырысының № 66/22 хаттамасы, № 5 мәселе).

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ Заңының (бұдан әрі – **АҚ туралы заң**) 36-бабының 1-тармағының 18) тармақшасына, 2023 жылғы 30 мамырдағы ҚМГ акционерлерінің жылдық Жалпы жиналысының шешімімен (№ 2/2023 хаттамасы, № 5 мәселе) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Жарғысының 12-бабының 98-тармағының 23) тармақшасына сәйкес, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің 2024 жылғы 28 мамырдағы жылдық жалпы жиналысының шешімімен (№ 1/2024 хаттамасы, № 8 мәселе) енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен (бұдан әрі – **Жарғы**), ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы ережені бекіту кіреді.

АЖЖ туралы ереженің 7-тараудың 32-тармағының 21) және 35) тармақшаларына, 20-тараудың 103-тармағына сәйкес, ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне АЖЖ туралы ережені бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу, және ҚМГ Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу регламентін бекіту жатады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 10 сәуірдегі шешімімен (№8/2024 хаттама, №4 мәселе) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша 2024-2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының (бұдан әрі – **КБЖІЖ**) 8.16-тармағында АЖЖ туралы ережеге сырттай берілген дауыс жинау мен санаудың тиісті тәртібін белгілеуді қамтамасыз ететін өзгерістер енгізу жөніндегі іс-шара көзделген. Сондай-ақ,

АЖЖ туралы ережені АҚ туралы заңмен және Жарғысымен сәйкес келтіру қажет.

АЖЖ туралы ережеге енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың көлемін ескере отырып, осы ішкі құжаттың жаңа нұсқасы әзірленді.

ҚМГ Директорлар кеңесі 2025 жылдың 31 желтоқсанында ҚМГ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын (бұдан әрі – **КАЖЖ**) шақыру туралы шешім (2025 жылдың 29 қарашасы мен 1 желтоқсаны аралығындағы № 20/2025 хаттамасы, № 2 мәселе) қабылдады, оның күн тәртібіндегі мәселелердің бірі жаңа редакциядағы КАЖЖ туралы ережені бекіту болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, бұрын осы мәселені қарап, оны жалпы жиналысқа енгізуді бастаған ҚМГ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 18 – 19 желтоқсандағы шешіміне (№ 22/2025 хаттамасы, № 3 мәселе) сәйкес, ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысына осы мәселе бойынша қаулы жобасына ұсынылған қосымшаға сәйкес жалпы жиналыс туралы ережені жаңа редакцияда бекіту және қолданыстағы жалпы жиналыс туралы ережені күшін жойды деп тану ұсынылады.

АҚ туралы Заңның 36-бабының 2-тармағына және 50-бабының 1-тармағына, Жарғының 11-бабының 91-тармағына және 12-бабының 99-тармағына, қолданыстағы Акционерлердің жалпы жиналысы туралы ереженің 16-тарауының 79-тармағына сәйкес, осы мәселе бойынша шешім қабылдау үшін дауыс беруге қатысқан ҚМГ дауыс беруші акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілік дауысы қажет, ал дауыс беру «бір акция – бір дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

#### **4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі**

Шығарылған мәселе бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді/сәйкес келеді.

#### **5. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайдағы негізгі проблемалар, тәуекелдер, ықтимал салдар**

Осы мәселе бойынша шешім қабылдау қандай да бір болмасын тәуекелдердің туындауына әкеп соқпайды.

Аталған мәселе бойынша шешім қабылдамау АЖЖ туралы ереженің кейбір нормаларының АҚ туралы Заң мен Жарғы сәйкес келмеу, сондай-ақ КБЖЖ орындалмауы қаупін тудырады.